



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» 4



ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ БӘРІНЕН БИІК ТҰРУҒА ТИІС 6



ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ ӘЛЕМДІ ТАҢҚАЛДЫРДЫ 12

Алматы қаласының әкімі
Ерболат ДОСАЕВ
Алмалы ауданының
тұрғындарымен кездеседі

Жүздесу 2023 жылдың 29 тамызында сағат 9.00-де Гоголь көшесі, 133 мекенжайындағы №15 гимназияда өтеді.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Алмалы әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады:

Әзербайжан–Армения:

КЕЛІСІМГЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Үш жыл бұрынғы Таулы Қарабақ үшін 44 күндік соғыс аймақтағы геосаяси жағдайға үлкен өзгерістер алып келді. Ең әуелі бұл оқиға даулы территория мәселесін соғыс арқылы шешу әдісін сахнаға қайта алып шығуымен ерекшеленді. Қап тауының оңтүстігіндегі соғыстан кейін әлемдегі шиеленіс пен қақтығыс қаупі жаңа белең алғандай болды. Әрине, тұтас әлемдегі геосаяси алаңның температурасы бір Қарабаққа қарап тұрмасы анық. Сөйтсе де, біртүлғаланған әдемдегі бұндай ауқымды оқиға өзге аймақтарға өз дүмпуін жеткізбей қоймайды. Көп ұзамай Ауғанстанда «Талибан» билігі тізгін ұстады немесе Украинада сұрапыл атыстың үні естілді...

Қазіргі жағдайдан қарағанда, «Қарабақ соғысы» аталып кеткен сол қақтығыс аяқталғанымен, өзінің тарихи нүктесін әлі қоймағандай. Олай дейтініміз, Әзербайжан мен Армения арасында әлі толыққанды келісім, қол қойысқан бітімгершілік шарты жасалмады. Баку мен Ереван сырт арашашыларды

ортаға алып бірнеше рет сөйлескенімен, пікірдің ортақ тұсын таппады. Ал тарихи сыздаған жара болса беті ашылған күйі қалды. Қазір Қап тауының оңтүстігін үнсіздік тұманы бүркегенімен, әзербайжан мен армян ортасында түбегейлі сенім орнауына біршама уақыт керек. Сонымен, Қарабақтың

қазіргі жағдайы қалай? Екі тараптың келісімге келуіне не кедергі? Араағайындық еткен тараптар нені көздейді? Бітімгершілік күштері жаңартыла ма? Аймақта кімдердің бәсі биіктемек? Бұл сұрақтар сол күйі өзектілігін сақтап тұрғандай.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №103 (6396) 29 тамыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АТА ЗАҢ – АЙБЫНЫМЫЗ!

Алматыда ҚР Конституциясы күні қалай аталып өтеді?



Коллажды жасаған Нұрбол ӨРІСҰЛЫ.

Мерекелік концерт 29 тамызда сағат 19.00-де Абай алаңында өтеді. Іс-шараға «МұзАРТ» және «Жігіттер» тобы, Қайрат Нұртас, Мархаба Сәби, Калифорния, Yenlik, Ильхан Исханов, Жанар Дұғалова, Ней Монго және т.б. қазақстандық эстрада жұлдыздары қатысады.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

29.08.2023

Түнде:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

30.08.2023

Түнде:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

Әзербайжан–Армения: КЕЛІСІМГЕ НЕ КЕДЕРГІ?



(Басы 1-бетте)

Қазіргі жағдайдан қарағанда, «Қарабақ соғысы» аталып кеткен сол қақтығыс аяқталғанымен, өзінің тарихи нүктесін әлі қоймағандай. Олай дейтіміз, Әзербайжан мен Армения арасында әлі толыққанды келісім, қол қойылған бітімгершілік шарты жасалмады. Баку мен Ереван сырт арашшыларды ортаға алып бірнеше рет сөйлескенімен, пікірдің ортақ тұсын таппады. Ал тарихи сыздаған жара болса беті ашылған күйі қалды. Қазір Қап тауының оңтүстігін үнсіздік тұманы бүркегенімен, әзербайжан мен армян ортасында түбегейлі сенім орнауына біршама уақыт керек. Сонымен, Қарабақтың қазіргі жағдайы қалай? Екі тараптың келісімге келуіне не кедергі? Араағайындық еткен тараптар нені көздейді? Бітімгершілік күштері жаңартылма ма? Аймақта кімдердің бәсі биіктемек? Бұл сұрақтар сол күйі өзектілігін сақтап тұрғандай.

Ұзақ мерзімдік бағдарламалар жасалуы керек

Ішкі қарсылықтардың болуына қарамастан, биыл мамырда Ереван тарапы Қарабақты Әзербайжан территориясы ретінде танытынын білдірді. Армения премьер-министрі Никол Пашинян бұндай мәлімдемені жасай отырып, Бакуды толыққанды келісімге келуге шақырғандай болған. Әзербайжан тарапы өз келісімінің 5 негізгі шартын ертеден-ақ ашық ортаға салған. Яғни шекараны қос тарап бірдей мақұлдау, шиеленістерді жою, әскери күш қолдануға шектеу қою, шекараларды демаркациялау және трансшекаралық дәлелді ашу. Ереван талап еткен Қарабақтағы армяндардың қауіпсіздігіне кепілдік беруге Баку қазір де келіседі. Тіпті, ондағы армяндар Әзербайжан азаматтарымен тең құқыққа жететінін айтады. Алайда, Ереван бұған нақты кепілдік керек екенін алға тартады. Былайша айтқанда, Армения Қарабақтағы армяндардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қандай да бір халықаралық механизм құруды көздейді.

Дәл осы араға келгенде, Баку мен Ереван келісе алмайды. Келіспеушілікті былай сипаттауға болады: Әзербайжанның берген кепілдігіне Армения мен Қарабақтағы армяндар сенбейді, келісімнен кейін Баку өңірге толыққанды бақылау орнату үшін бақылау режимін күшейтіп, армяндарға

қысым түсіреді деп қауіптенеді. Ал Армения алға тартып отырған халықаралық бейбітшілік күштерін кіргізу сынды талапты Баку қабылдағысы келмейді. Себебі, бұл талаптың артында тарихи дауды ұзаққа созып, келесі бір шара бар деп санайды. Әзербайжан қайтарып алған территорияның толыққанды өз бақылауында болуын, үшінші бір күштердің араласпауын қалайды.

Расында да Арменияның қойған талабы жүзеге асқан күнде де бұл аймақтағы тұрақтылықтың кепілі бола қоюы екіталай. Мәселен, Қарабақтағы тыныштықтың қорғалуында ғана емес, екі халық ортасындағы шынайы сенімнің жойылуында болып отыр. Қақтығыстың әсері екі халық үшін Қарабақтан да, тіпті Оңтүстік Кавказ жерінен де асып шығып кеткен. Бірін-бірі мойындағысы, біріне-бірі жол бергісі жоқ. Бұндай терең сенім дағдарысын емдеу қысқа мерзімнің шаруасы болмауы мүмкін. Ол үшін Қарабақта да, екі ел ортасында да соғыс зардаптарын жоюдың ұзақ мерзімдік бағдарламалары жасалуы керек. Бірақ қазір тараптар бұған әрекет жасап жатқан жоқ, тіпті құлықты да емес.

Арашашы кімдер және нені көздейді?

Қазірге дейін белгілі болғандай, Армения мен Әзербайжан арасындағы келіссөздерге Ресей, АҚШ және ЕО арашашы (араағайын делініп жүр) болды. Әуел баста барлық тарап осы бір қауіпті методтың бүкіл әлемге тарап кетуінен қатты алаңдаған. Бірақ ешбірі қақтығысты дер кезінде тоқтатуға қауқарлы болмады. Соңында Ресей өзінің бітімгершілік күшін Қарабаққа енгізді. Бұның өзі Мәскеудің дәстүрлі ықпал күшінің болғандығынан ғана жүзеге асты. Сол тұста байқағанымыздай, Таулы Қарабақта болып жатқан ұрысты тіпті де ауқымды етіп көрсетуге тырысқан, тіпті мұны ислам мен христиан әлемі ортасындағы қақтығыс ретінде даңғазалағысы келген күштер де болды. Брюссельден бұрын Франция белсенділік танытып, мәселеге араласуға әрекет еткені де бар. Әйткенмен, соңында ЕО сенімді диалог үстелін берген болатын.

Баку мен Ереван ортасындағы бітімгершілікті жүзеге асыруға Құрама Штаттар да белсенділік танытты. Қазір де Вашингтон араағайындық етуге дайын екенін танытып келеді. Бірер апта бұрын АҚШ-тың арнайы өкілі екі елге бірдей сапарлап, келісімге келу

бойынша өз ұсыныстарын беріп қайтты. Бірақ көптеген сарапшылардың пікірінше, Құрама Штаттардың Оңтүстік Кавказдағы позициясы орнықты емес. Арашашы сыртқы тараптардың бәрі дерлік мәселенің бейбіт жолмен шешілгенін қалайтыны рас. Дегенмен, өз келіссөз үстелін ұсына отырып, аймақта өз ойын ережесін орнатуға ұмтылу барлық ірі ойыншыларға ортақ жайт.

Түркия күштері Қарабаққа кіре ме?

Ресейдің бітімгершілік күштері Қарабақта бейбітшілікті сақтау үшін кіргізілді. Бірақ ол кездегі жағдай мен қазіргіні салыстыру қиын. Тіпті, ондағы ресейлік күштердің қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатынына әзербайжандар да, армяндар да сенімді емес. Әзербайжан тарапы Ресей күштері армяндардың Қарабаққа қару-жарақ кіргізуіне жол беріп жатыр деп айыптаған. Армяндар болса бітімгершілік күштері Әзербайжан күштерінен әлдеқайда әлсіз деп сыннайды. Не десек те, 2023 жылы Ресей күштерінің бітімгершілікті сақтаудағы шартты мерзімі аяқталады. Баку тарапы қазірдің өзінде келісімді ары қарай жалғастыруды қажет деп санамайды. Сырт арашашылар болса қазіргідей шиеленісті жағдайда үшінші бір сенімді тарапсыз екі ел ортасында қақтығыстың қайталануы мүмкін екенін айтып келеді.

Міне, бұл жағдайлар Ресейдің орнын Түркия алмастыруы мүмкін деген болжамды күшейтеді. Оның мынадай қисынды жақтары бар. Түркия НАТО мүшесі ретінде ЕО-ның ең негізгі ойыншыларымен одақтас қарым-қатынасқа ие. Оның үстіне, Түркияның аймаққа бейбітшілікті сақтаушы күш ретінде кіруіне Баку қарсы бола қоймайды. Екі ел арасында достық қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып келе жатқаны бар. Ал Армения болса Батысқа шығу үшін Түркия территориясына тәуелділік жағынан бұндай ұсынысты қабылдауы мүмкін. Егер расымен де Қарабақтағы бейбітшілікті сақтау күштері алмасқан жағдайда бұл аймаққа өзінің үлкен өзгерістерін де ала келуі мүмкін.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



БРИФИНГ

1 қыркүйек күні, сондай-ақ, оқу жылының алғашқы апталарында полиция қызметкерлері күшейтілген тәртіпте қызмет етеді. Білім беру мекемелері маңындағы жаяу жүргінші өткелдерінде кезекшілік атқарып, қозғалысқа қатысушылармен, жаяу жүргіншілермен – ата-аналар мен балалармен, сондай-ақ жүргізушілермен жұмыс істейтін болады. Полиция қызметкерлері жолдарда мұқият болу керектігін еске салады. Бұл туралы ӨКҚ брифингінде Алматы полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек мәлімдеді.

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Полицейлер мектеп маңында,
салтанатты жиында кезекшілік
атқарады

Айнабай
МӘДИ

«Оқу жылының бастапқы кезеңінде жол қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру үшін мектеп округтерінде патрульдік полиция экипаждары, ювеналды полицейлер кезекшілік ететін болады. Бүгінгі таңда мектептердің жанындағы жол белгілерін ауыстыру, жасанды төмпешіктерді орнату жұмыстары жүргізілді. Барлығы 62 жасанды төмпешік орнатылды», – деп мәлімдеді департаменттің ресми өкілі С.Әзірбек.

Сонымен қатар, «Абайлаңыз, балалар!» жедел алдын алу іс-шарасына дайындық кезінде жалпы білім беретін, мектепке дейінгі білім беру мекемелер аумағында 47 жаңа жол белгі орнатылды, 43 жол белгі қалпына келтірілді, 10 500 шаршы метр аумаққа жолды белгілеу сызығы салынды.

Полицейлердің басты міндетінің бірі – жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осыған байланысты Полиция департаментінің қызметкерлері қала тұрғындарын жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Салтанат Әзірбек ересек тұрғындарға жол ережелерін сақтауға, жол жүру бөлігін белгіленбеген жерлерден өтпеуге шақырды.



«Қоғамның әрбір мүшесінің жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз сақтауы өте маңызды. Құрметті ересектер, ата-аналар, балаларыңызға дұрыс үлгі көрсетіңіздер. Әйтпесе, олар бұл әрекетті сіз болмаған кезде қайталайды», – дейді ресми өкіл С.Әзірбек.

ӨКҚ алаңында брифингке қатысқан спикер статистиканы келтірді. Жергілікті полиция қызметі басқармасының мәліметінше, ағымдағы жылдың 7 айында Алматыда балалардың қатысуымен 381 жол-көлік оқиғасы орын алып, 384 бала жарақат алып, 5 бала қайтыс болды.

Журналистердің сұрақтарына жауап бере келе, ПД ресми өкілі қалада апаттық орындарға талдау жүргізілгенін, бұл аудандар бойынша апат жиі болатын учаскелерді анықтауға мүмкіндік бергенін айтты:

Алатау ауданы – Райымбек даңғылы, Рысқұлов көшесі, Солтүстік айналма жолы.

Алмалы ауданы – Төле би даңғылы, Сейфуллин даңғылы, Байтұрсынов көшесі.

Әуезов ауданы – Абай даңғылы, Алтынсарин көшесі, Райымбек даңғылы.

Бостандық ауданы – әл-Фараби даңғылы, Жандосов көшесі, Жароков көшесі.

Жетісу ауданы – Ангарская көшесі, Солтүстік айналма көшесі, Жансүгіров көшесі.

Медеу ауданы – Достық даңғылы, Құлжа тракті, Халиуллин көшесі.

Наурызбай ауданы – Жүнісов көшесі, Райымбек тракті, Әшімов көшесі.

Түркісіб ауданы – Сүйінбай даңғылы, Шолохов көшесі, Майлин көшесі.

«Білім беру мекемелері аумағында көлік жылдамдығын бақылау үшін «Сергек» АӨК-нің 12 бекеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, биыл «Сергек» АӨК-нің 97 бекетін (пост) орнату жоспарлануда», – деп қорытындылады Алматы қалалық ПД ресми өкілі Салтанат Әзірбек.



БАЙЫПТАМА

АТОМОФОБИЯ ЕЛЕСІ

Жапония улы суды

мұхитқа төкпек

Жапон Үкіметі «Фукусима-1» атом электр станциясында қолданылған суды Тынық мұхитына төгуді жоспарлап отыр. Бұл су атом электр станциясындағы реакторларды салқындату мақсатында қолданылған. Бұл шешімге Қытай, Оңтүстік Корея және Гонконг елдері қарсы шықты. Себебі, олар бұл су радиоактивті элементтермен уланған деген пікірде. Алайда, МАГАТЭ су уланбаған деп отыр.

Көрші елдердің реакциясы

Фукусимадағы суды Тынық мұхитына төгу туралы шешім аспаннан салбырап түсе салған жоқ. Мұндай шешімге Токио 2021 жылдан бері дайындалған. Үкімет өзін білдімге де салған жоқ. Себебі, халықаралық қауымдастық, көршілер бар. Халықаралық құқықтың да нормалары орындалуы тиіс. Сол жылдан бері Токио үкіметі мен «Фукусима-1» АЭС басқаратын Токио электроэнергетикалық компаниясы арасында келісім жасалып, суды тазарту жұмыстары басталған. Компания ALPS деп аталатын суды тазарту жүйесін қолдана отырып бұл жұмысты жүзеге асырған. Олардың зерттеуі бойынша судың құрамында тек тритий элементі ғана бар. Ал қалған зиянды элементтерден су тазарған.

Токио үкіметі тек өз зерттеуіне ғана емес, халықаралық қауымдастықтың да пікіріне арқа сүйеп отыр. Осыған орай, Токио халықаралық ұйым МАГАТЭ-ге жүгінді. МАГАТЭ ұзақ уақыт зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижесін быыл мамыр айында жариялады. Құжатта ALPS әдісімен жасалған суды тазарту нәтижесі рас деген қорытындыға келген. Шынымен де, су таза, тек тритий элементі ғана бар. Десе де, бұл қорытынды көрші елдерге сенім ұялатпады.

Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік Корея мен Гонконг бірінші болып ұн қатты. Олар Токионың бұл шешіміне қарсылық білдірді. Әсіресе, Бейжін қатты-қатты мәлімдеме жасады. Ең бірінші болып Жапонияның балық пен өзге де теңіз өнімдерінен бас тартты. Мұндай шешімге 7 шілдеде келген. Сондай-ақ, МАГАТЭ-нің зерттеуіне де олар сенбей отыр. Тіпті, елдің Сыртқы істер министрлігінің өкілі Ван Вэнбинь МАГАТЭ-ге егер сенімді болсаңдар алдымен өздерің сол суды ішіп көріңдер деген сарында мәлімдеме жасады.

Оңтүстік Корея болса, биыл Халықаралық сотқа жүгініп Токионың шешіміне тосқауыл қоямыз деп еді. Тіпті, елдің Сыртқы істер министрлігі АҚШ әкімшілігінің Жапонияның бұл шешімі қауіпсіз деген мәлімдемесіне де сенімсіздік білдірді. Көштен Гонконг та қалған жоқ. Олар да Жапониядан келетін теңіз өнімдеріне эмбарго енгізді.

Балық бизнесі де қарсы

Токио елдегі балық өндірумен айналысатын азаматтар қарсылығына қарамастан осы шараға барды. Себебі, балық және өзге де теңіз өнімдері бизнесі олардың жеп отырған наны. Мұндай наразылықтар Оңтүстік Кореяда да өтті.

Жалпы, бұл жағдай әлемдік теңіз өнімдері нарығына да әсер етеді. Research And Markets халықаралық агенттігінің зерттеуі бойынша 2030 жылға дейін әлемде теңіз өнімдерін тұтыну көлемі өседі. Сарапшылардың пікірінше, биыл бұл нарық 214 млрд АҚШ долларына жетуі мүмкін. Ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 335 млрд АҚШ долларынан асады деп болжап отыр. Алайда, сарапшылар саяси факторды ескермеген болу керек. Токионың Фукусимадағы суды мұхитқа төгуі нарыққа әсер етпей қоймайды.

Әсіресе, теріс әсерді Қытай сезінуі мүмкін. Себебі, ол теңіз өнімдерін экспорттауда әлемде көшбасшы. Біріншілікті ешкімге бермей келеді. Ал онымен шекаралас аймақта су сапасының төмендеуі тек Жапония экспортына ғана емес, Қытай елінің экономикасына да кері әсері бар. Олардың Токионың шешіміне қарсы болуының себебі де осында. Қытай теңіз өніміне әлемдегі сұраныс төмендеуі мүмкін.

Мына кейсті сараптау барысында АҚШ-ның да реакциясы маңызды екенін көреміз. Біз жоғарыда Вашингтонның Токио шешіміне қарсы еместігін жаздық.

Бір жағынан бұл МАГАТЭ, Бүкіләлемдік сауда ұйымындағы АҚШ-тың ықпалды екенін көрсетсе, екінші жағынан Вашингтон Бейжіңге экономикалық тұрғыдан қысым жасап отыр.

Теңіз өнімдері нарығындағы жағдай Жапонияға да әсер етуі мүмкін. Олар бұл өнімді экспорттаудан алдыңғы қатарда. Алайда, импорт көлемі де жоғары. Сондықтан бағаның өсуі Жапон экономикасына да кері әсер етеді. Дегенмен, осы тәуекелге қарамастан Жапон үкіметінде басқа амал жоқ. Суды бір жакка жіберу керек. Себебі, резервуар толған. Бұл АЭС-ның ары қарай жұмысына кедергі болады.

Әлемдегі ең ірі техногендік оқиға

Жапондықтар үшін 2011 жылдың 11 наурызы қайғылы күн. «Фукусима-1» атом электр станциясында апат орын алды. Ол 9 баллдық жер сілкінісі мен одан кейінгі цунами әсерінен болған. Сөзсіз, бұл оқиға 1945 жылғы Хиросима мен Нагасаки қалаларына тасталған атом бомбасындай әсер еткен болар. Фукусимадағы апат Чернобыльден кейінгі әлемдегі ең ірі техногендік оқиға.

Жалпы, атом электр станцияларынан қолданылған суды қайта төгу қалыпты жағдай. Мұнда су станцияларды салқындату үшін қолданылады. Оның ішкі радиоактивті процеске қатысы жоқ. Алайда, Жапонияның көршілерін де түсінуге болады. Себебі, бұл су 2011 жылдан бері арнайы резервуарда сақталған. Сол кездегі апаттан тараған зиянды элементтер суда сақталған. Мұндай тәжірибені зерттеу бізге де қажет. Себебі, елімізде АЭС салынуы мүмкін.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ХАЙ-ТЕК

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОЙДЫ ОҚИДЫ

Қытайдың Alibaba және Оңтүстік Кореяның Naver GPT бәсекелес AI үлгілерін шығарды

Alibaba AI үлгілері компанияның Tongyi Qianwen деп аталатын үлкен тіл үлгісіне негізделген. Қытайдың Alibaba интернет-гиганты кескіндерді түсінетін және күрделірек сөйлесе алатын жасанды интеллекттің (AI) жаңа үлгілерін іске қосты. Qwen-VL және Qwen-VL-Chat деп аталатын екі жаңа модель бүкіл әлем бойынша зерттеушілер, академиктер және компаниялар үшін ашық дереккөз болады, деп хабарлайды CNBC.

Alibaba Qwen-VL әртүрлі суреттерге қатысты ашық сұрауларға жауап бере алатынын және суреттің негізінде мәтін жасай алатынын айтты. Qwen-VL-Chat пайдаланушы енгізген фотосуреттер негізінде әңгімелер жазуды және кескіндерді жасауды қоса алғанда, Alibaba сәйкес «күрделі өзара әрекеттесуді» қамтамасыз етеді. Alibaba AI үлгілері компанияның Tongyi Qianwen деп аталатын үлкен тіл үлгісіне негізделген.

Сонымен қатар, оңтүстік корейлік Naver компаниясы да HyperCLOVA X өзінің үлкен тілдік моделін, сонымен қатар AI-генеративті іздеу құралы Cue және Clova X деп аталатын чат қолданбасын іске қосты.

HyperCLOVA X – Кореядағы ең үлкен іздеу жүйесінен бастап бұлттық қызметтерге, электрондық поштаға, саудаға және басқа интернет өнімдеріне дейінгі суперкомпьютерлік және деректерді талдау мүмкіндіктері мен операциялық тәжірибесіне негізделген Naver AI технологиясының негізгі үлгісі.

CLOVA X – үлкен тіл үлгісіне негізделген AI чатботы және CUE: генеративті AI іздеу қызметі, оның екеуі де HyperCLOVA X арқылы жұмыс істейді. Навердің айтуынша, осы күні бета-сынақтан өтетін CLOVA X – корей тіліндегі нұсқасы.

Ол әңгімелер жасауға, мәтіндерді қорытындылауға және тілдерді кодтауға қабілетті, жан-жақты AI негізінде әртүрлі пайдаланушы сұраныстарына ең қолайлы жауаптарды бере алады. Келесі айда іске қосылатын CUE: бұл онлайн іздеу үшін арнайы әзірленген жаңа интерактивті AI чатботы, деп хабарлайды Yonhap ақпараттық агенттігі.

Жаңалықтар мен күнделікті өмірде қолданатын жасанды интеллект құралдары туралы айта кетейік:

AI инсульт алған 47 жастағы науқасқа 18 жылдан кейін сөйлеуге көмектесті. АҚШ ғалымдары ойды оқи алатын жасанды интеллект ойлап тапты.

Жаңа AI құрылғысы ми имплантаты арқылы жұмыс істейді және тіл, жақ, бет және көмейден сигналдарды оқу арқылы толық сөз тіркестерін шығара алады.

Құрылғы инсульттан кейін 18 жыл бойы сөйлей алмайтын мылқау қызға сынақтан сәтті өтті. Ол қазір минутына шамамен 14 сөзді 72% дәлдікпен айтады. Қазіргі уақытта бағдарлама 1000+ сөзді тануды үйренген.

Everypixel соңғы 1,5 жылда нейрондық желілер арқылы 15 миллиардтан астам кескін жасалды деп есептеп шығыпты.

Бұл көрсеткіш фотографияның 149 жыл ішінде түсірілген барлық фотосуреттердің санынан асып түседі. Stable Diffusion желісі «сурет» жарысының көшбасшысы – ол 12,6 миллиард сурет жасап шыққан. Одан кейінгі орында Adobe Firefly (1 миллиард), Midjourney (964 млн) және DALL-E 2 (916 млн).

Жасанды интеллект Windows 11 жүйесінің келесі нұсқасында кәдімгі Paint редакторында пайда болады.

Bing сияқты, мәтіндік сипаттамалардан суреттер жасауға болады.

Paint қолданбасынан басқа – компания Photos, Camera қолданбасы және фотосуреттер үшін Snipping Tool қолданбасына жасанды интеллект құралдарын қосуды жоспарлап отыр, бұл фотосуреттегі адамдарды немесе нысандарды анықтауға, содан кейін суретті кесуге және қоюға мүмкіндік беретін жаңа функцияны қамтуы мүмкін.

Adobe компаниясы нейрондық желісі бар Adobe Express бейне редакторының жаңа нұсқасын шығарды.

Adobe-тың жаңа өнімін сөзбен түсіндіріп отырғанша, видео қоса жүктеліп отыр. Керсеңіз, бәрі түсінікті болады.

Функциялардың көпшілігі тегін.

Енді түрлі мақсаттағы видеоларға қосымша деталдар қосу оңай бола түсті.

Онлайн қызметке сілтеме: <https://www.adobe.com/express/>

Meta сөйлеуді танып, оны 100 тілге аударып алатын SeamlessM4T нейрондық желісін ұсынды. Модель бір тілден екінші тілге аударып, нәтижені мәтіндік немесе аудио нұсқада бере алады.

Кәдімгі мәтіннен мәтінге аудармадан басқа, нейрон сөйлеуді танып, оны мәтінге де, аудиомен де аударып түрлендіре алады. Қазақ тілінен басқа тілге аударма жасай алады.

Демо нұсқасын осы жерден көре аласыз: <https://seamless.metademolab.com/demo>

Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ.



ЖАҢА АЛМАТЫ

Алматы аудандарының аумақтарын дамыту және абаттандыру бойынша өтінімдерді қабылдау 1 қыркүйектен басталып, ағымдағы жылдың 20 қыркүйегіне дейін жалғасады. Сараптамалық кеңестердің бағалауынан өткен және дауыс беруде көшбасшы болған жобаларды Алматы аудандық әкімдіктері 2024 жылы іске асыратын болады. Қала тұрғындарының бастамалары интернет-портал арқылы жіберілуі тиіс. Ол budget.open-almaty.kz жобалық ұсыныстың атауы мен сипаттамасын, орналасқан жерінің мекенжайын, болжамды фотосуретті немесе эскизді, жобалық ұсыныстың сметасын (интернет желісінен шамамен есептеулер мен мысалдарға жол беріледі) қамтиды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жобалық ұсыныстар келесі критерийлерге сәйкес келуі керек:

- бір автор – бір өтінім – бір объект;
- нысан жалпы пайдалануды қамтуы керек;
- объект оны іске асыру жоспарланып отырған аудан аумағында, жалпы пайдаланымдағы жер учаскесінде орналасуы тиіс;
- бір жобалық ұсыныстың құны 86,2 млн теңгеден аспауы тиіс.

Жобалық ұсыныстар тоғыз санат бойынша қабылданады:

- көгалдандыру;
 - тротуарларды жайластыру;
 - тротуарларды, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу;
 - жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақтар, скверлер, жаяу жүргіншілер аймақтары, көшелер және өзге де объектілер) құру, жөндеу және жарықтандыру;
 - жиектерді, төсеніштерді, тіреу қабырғаларын жөндеу;
 - полигондарды жою;
 - балалар ойындары мен ересектердің демалысы үшін, жалпы пайдалану орындарында беседкаларды, орындықтарды, урналарды, жабдықтар мен конструкцияларды орнату және жөндеу;
 - аула аумақтарында және жалпы пайдалану орындарында спорт алаңдарын (тренажер алаңдары, футбол, баскетбол, волейбол алаңдары), балалар ойын алаңдарын орнату, жөндеу және жарықтандыру;
 - санитарияны қамтамасыз ету.
- Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін сараптамалық кеңестер мен аудандық әкімдіктердің өкілдері келіп түскен өтінімдерді олардың санаттарда көзделген «Халық қатысатын бюджет» талаптары мен өлшемшарттарына сәй-

БЮДЖЕТТІ БӨЛУГЕ ХАЛЫҚ ТА ҚАТЫСАДЫ

«Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысу үшін алматылықтар 1 қыркүйектен бастап өтінім бере алады



Анық-қанығын білгіңіз келсе
«Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша сұрақтар туындаған жағдайда кеңес алу үшін Алматы қаласының аудандық әкімдіктеріне, сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесіне телефон арқылы хабарласуға болады +7 (727) 224-39-29 (ішкі. 203, 127), 1308.

маны budget.open-almaty.kz интернет-порталда тіркеу кезінде көрсетілген электрондық мекенжайға жібере алады.

КЕРЕК КЕҢЕС

Дауыс беруге жіберілген жобалар туралы ақпарат budget.open-almaty.kz порталында «жобалар бойынша материалдар» бөлімінде жарияланады.

КЕРЕК ДЕРЕК

2019–2022 жылдар аралығында «Халық қатысатын бюджет» аясында 14 млрд теңге сомасына 541 жоба іске асырылды. 2020 ж. – 1,2 млрд теңгеге 49 жоба; 2021 ж. – 5,4 млрд теңгеге 256 жоба; 2022 ж. – 7,4 млрд теңгеге 236 жоба. 2023 жылы 52 жоба іске асырылды, қазіргі уақытта жұмыста 163 жоба бар, жақын арада 162 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бағдарламаны іске асыруға 2023 жылы – 15,5 млрд теңге, салыстыру үшін 2022 жылы – 8,5 млрд теңге, 2020 жылы – 7,4 млрд теңге бөлінді.

ТАЗА ҚАЛА

ҚЫЗЫҚТЫ ЭКОАКЦИЯ ӨТТІ



Алматы Алатаудың жаннат бағы сынды жасыл қала болғанымен, оның экологиясы ұдайы қорғауды қажет етеді. 25 тамыз күні «Южный» саябағында ұйымдастырылған «Киелі табиғат» атты экоакция міне осы мақсатта өткен болатын. Бостандық ауданы әкімдігі және Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өткен іс-шара қала экологиясын қорғау, қоқыс жинау және оны сұрыптаудың маңызын тұрғындарға кеңірек насихаттауды да міндет етіп алған.

Естай
БОЖАН

Бостандық ауданының әкімі Санжар Алин бастап ашқан экоакцияда Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Қажденбек Азиз бен экобелсенді Евгений Мұхамеджанов іс-шараның маңызы мен қала экологиясын қорғаудың өзектілігі жайында түсіндірді.

«Сенбіліктер әр ауданда болып жатыр, оған сол аудандардың әкімшіліктері мен еріктілері атсалысуда. Бірақ бұл іс-шара-

ның ерекшелігі – қоқысты жинау ғана емес, оны сұрыптаудың маңыздылығын насихаттау. Тұрғындарды тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жинауда оларды түрлерге бөліп сұрыптау әдетіне дағдыландыруды мақсат етіп отыр. Бұл қарапайым әрекеттің қала экологиясын реттеуде үлкен маңызы бар», – дейді Азиз Қажденбек.

«Южный» саябағындағы іс-шараға қоғам қайраткерлері мен блогерлер де қатысты. Десе де, «Алматы аруы» байқауы финалисттерінің қатысуы іс-шараның тұрғындар арасында кеңірек насихатталуына өзіндік рөлі болғаны анық. Бұл жайында Азиз Орал-



бекұлы: «Тұрғындардың, әсіресе жастардың арасында осындай маңызды іс-шараны ба-рыныша кеңірек насихаттау үшін бізге өнімді

транс-орталықтар керек. Сол үшін де экобелсенділерді, Miss Almaty байқауының финалисттерін шақырып отырмыз. Олардың әлеуметтік ортадағы танымалдылығын осындай игі іс-шараны насихаттауға бағыттағымыз келеді», – деді.

«Алматы аруы – 2022» байқауының жеңімпазы Томирис Заир өз жанкүйерлерін игі іс-шараға атсалысуға, қаланың жағымды экологиялық ортасын қорғауға шақырды. Тілшілерге берген сұхбатында Томирис: «Мұндай іс-шараға ерікті ретінде қатысудағы себебім, мен өзім тұратын қаланың экологиялық жағдайына бей-жай қарай алмаймын. Меніңше, қазір қаламызда тұрғындар санының өсуіне байланысты бұл жағында мәселелер бар. Мұндай іс-шаралар тек Алматы ғана емес, еліміздің барлық қалалары үшін қажетті деп санаймын. Әрі осы жағында басқаларға үлгі болсам дейім», – деген ойын айтты.

Бұған қоса, экоакцияға қаламыздың бірнеше еріктілер ұйымы, волонтерлер фронт-офисі тартылған. Соның ішінде: «Қазақстан еріктілер лигасы» ҚК, «QAMQOR CHARITY» ҚК, «NEWMAN» ҚК, «Жасыл ел» белсенділері және өзге де белсенді топтардың қатысқанын атай кетейік.

Жас еріктілер қатарында №175 гимназияның 10-сынып оқушысы Айым Нұрәли: «Бұл экоакцияға қатысу себебім, қаламыз жасыл болғанымен оның экологиялық ортасын сақтауымыз керек. Қаламыздың керемет табиғатын халқымыз қорғауы керек. Менің отбасымда ата-анам да табиғатты сүйеді, отбасымнан қоршаған ортаны қорғауға дағдыландым. Менің көптеген достарым да осындай еріктілердің орталықтарына қатысып, қала экологиясын қорғауға атсалысып келеді», – дейді. Жас ерікті қаланың барлық тұрғындарын ортаны қорғауға, керексіз қалдықтарды сұрыптап жинастыруға шақырады.

«Киелі табиғат» атты кезекті экоакцияда көмекке 60-тан астам ерікті қатысып, 50 кг-нан астам қоқыс жиналды. Эколог Евгений Мұхамеджанов келушілерге «Жасыл Алматы» жаңа жобасын таныстырып, қоқыс сұрыптаудан қызықты ойындар да өткізді.

Айта кетейік, қала әкімшілігі экоакцияны қаламызда жүйелі түрде өткізуді жоспарлап отыр.



ТУРИЗМ

«САПА БЕЛГІСІ»

Алматыда туристік сала қызметкерлерін оқыту бағдарламасы іске қосылады

Алматының туристік әлеуетін дамыту бойынша жұмыс шеңберінде 2023 жылы сала қызметкерлері ағылшын тілі және қонақжайлылық негіздерін оқытудан өтеді. Олардың ішінде көлік тораптары қызметінің қызметкерлері (шекара қызметі, кедендік бақылау қызметі, тексеру қызметі және т.б.) және туристермен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын сала мамандары (экскурсоводтар, гидтер, нұсқаушылар) бар.



«Алматыда туристік ағынның өсуі байқалады. Алматы қаласы Туризм басқармасы сала мамандарының тегін курстарында ағылшын тілін оқыту бойынша жоба дайындады. Біз курстарды қазан айында бастауды жоспарлап отырмыз. Бұл ұсынысты туризм саласының сарапшылары бірнеше рет айтқан болатын, Алматы қаласының Туризм басқармасы биылдан бастап аталған жұмыс тұрақты негізде жүргізілетін болады», – делінген Алматы қаласының Туризм басқармасының хабарламасында.

Бұдан басқа, қалада «Kazakh Tourism «ҰК» АҚ-мен бірлесіп туристік қызметтер көрсету сапасын арттыруға бағытталған және үш негізгі бағытта – туроператорлық қызмет, орналастыру орындары және тамақтану пункттерінде жүзеге асырылатын

«Сапа белгісі» бағдарламасы іске асырылуда. «Сапа белгісі» ұлттық стандарттарға негізделген бағдарлама талаптарына сәйкес келетін ұйымдарға беріледі. Келесі кезеңде Recommended by Visit Almaty өңірлік стандартын енгізу жоспарланып отыр.

Айта кетейік, Алматыда туристік ағын белсенді түрде өсе бастады. Биылғы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша қала 452 мыңнан астам адамды қабылдады, оның ішінде: 118 мыңнан астамы – шетелдіктер, 333 мыңы – ішкі туристер. Туристік әлеуетті кеңейту үшін басым міндеттердің бірі – Алматы қонақтары үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру. Мамандардың болжамы бойынша, 2025 жылы Алматыға келетін шетелдік туристер саны 450 мыңнан 600 мың адамға дейін өседі.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

БАУЫРЛАС ҚАЛА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТТЫ

«Алматы–Пусан» достық концерті өтті

Алматы мен Пусан бауырлас қалалар арасындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 1 жылдығына орай Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі мен Пусан қалалық дәстүрлі кәріс музыкасы оркестрінің мерекелік концерті өтті.



Сапар аясында Оңтүстік Кореядан келген қонақтар «Медеу» биік таулы спорт кешені мен Алматының інжу-маржаны – «Шым-бұлақ» тау шаңғысы курортына барды. Делегация мүшелері қаланың таулы жерлерге жақын орналасуын, курорттардың, көркем шатқалдар мен көлдердің болуын атап өтіп, спорт нысандарына жоғары баға берді.

Алматының туристік әлеуетін арттыру және дамыту қалалық Туризм басқармасының басым міндетінің бірі. Шынайы

архитектурасы мен бай мәдени өмірін ескере отырып, мегаполисте мәдени-танымдық (музейлерге, театрларға, мәдени іс-шараларға бару), MICE туризм (халықаралық форумдар, конференциялар мен конгрестер), тау (шыңға шығу, альпинистер, сноубордшылар, шаңғы әуесқойлары қауымдастығының кездесулері т.б.), сонымен қатар, гастрономиялық, т.б. туризмнің сан түрі қатар дамып отыр.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ТҰРҒЫН ҮЙ



400-ДЕН АСТАМ ОТБАСЫҒА ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Түрксіб ауданында («Жас қанат» ы/а.) Қонаев атындағы өндірістік кооперативте (ӨК) орналасқан коммуналдық тұрғын үй қорынан жалға берілетін пәтерлерге кезекте тұрғандарды орналастыру басталды.

Үй кезең-кезеңімен беріледі. Бірінші кезең осы жылдың 25 тамызында, жаңа оқу жылы қарсаңында басталды. Мәселен, Алматы әкімдігінің өкілдері жаңа пәтерлердің кілтін берген 109 отбасы қоныс тойын тойлайды. Ендігі пәтерлердің кілті келесі аптаның соңында, содан кейін күнделікті беріледі.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы атап өткендей, осы ауданда көпбалалы отбасыларға және халықтың әлеуметтік осал топтарына барлығы 401 жалдамалы пәтер беру жоспарланған.

«Осы ауданда аумақты абаттандыру

жалғасып жатыр. Алматы әкімдігі тұрғын үй кешенінде дамыған инфрақұрылымды құруға ден қояды. Мұнда спорт және балалар алаңдары жабдықталған, мектеп бар, жаңа балабақша салынууда, тұрғындардың демалысы мен бос уақытын пайдалы өткізуге арналған орындар салынады», – деді Ғалымжан Әбдішүкірұлы.

Қазіргі таңда Алматы қаласының тұрғын үйіне кезекте 41 мыңнан астам азамат тұр.

Айта кетейік, Қонаев атындағы ӨК-де үйлердің құрылысы 2021 жылы «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында басталған.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ТАУҒА БАРУ ҚАУІПТІ

Төтеншеліктер бұршақ, сел қаупіне байланысты Алматы тұрғындарына үндеу жасады



Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті қолайсыз ауа райына байланысты қала тұрғындарына үндеу жасап, қала тұрғындарына әзірге тауға бармауға кеңес беріп отыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеше Алматыда қатты нөсер жаңбыр жауды. Төтеншеліктер «Қазгидромет» РМК-ға сілтеме жасай отырып, ауа райы кенеттен құбылып, қалада оңтүстік-батыстан жел соғып, жылдамдығы 3–8 м/с-қа дейін, найзағай кезінде 15–20 м/с-қа дейін жетуі ықтимал екенін айтып отыр. Осы орайда, ТЖД қала тұрғындарынан көліктерді ағаштардың астында қалдырмауды сұрайды. Сонымен қатар, ТЖД Алматы тауларында сел қаупі сақталатынын еске салды. Мамандардың болжамынша, гидрометеорологиялық және сел жағдайының талдауына сәйкес, қатты жаңбыр жауған кезде сел құбылыстары болуы мүмкін. «Құрметті туристер, Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары, естеріңізге саламыз: сел тасқынында қалып қалған жағдайда, аман қалуға еш мүмкіндік жоқ. Сел тасқыны қаупіне байланысты Іле Алатауы тауларына бармауды сұраймыз», делінген ТЖД хабарламасында.

Бұдан бөлек, ТЖД мамандары желдің күшеюі кезінде қалай әрекет ету керектігін еске салды:

- ғимараттардан шығуды шектеу (мүмкіндігінше үй-жайда болу);
- егер үйде болсаңыз, терезелер мен есіктерді мықтап жабу. Ауладан, ашық балкондардан және лоджиялардан үйіңізге зиян келтіруі мүмкін тұрмыстық заттарды алып тастау;
- көшеде жүрген жағдайда жел басылғанша жақын подьезде немесе дүкенде тұра тұру;
- билбордтардың, ағаштардың астында, аяқталмаған ғимараттарда, үйлердің қабырғаларына жасырынуға болмайды, өйткені шатырлардан шифер мен тағы да басқа заттар құлап кетуі мүмкін;
- қатты жел кезінде электр беру желілерінің астында тұруға және үзілген электр сымдарына жақындауға болмайды.



ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

«Елімізде жаңа қоғамдық этика қалыптасуы керек. Онда елдің бірлігі және тұрақтылығы, азаматтардың өзара тілектестігі, әділдік, заң мен тәртіп, сенім және жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құруы қажет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

(Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінен).

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ

бәрінен биік тұруға тиіс

Әрбір дамыған елдің өзіндік темірқазығы болады. Соған сәйкес барша мемлекеттік құрылымын негіздейді. Сол арқылы болашаққа бағыт-бағдарын түзейді.

Қазақ елінің де темірқазығы бар. Соның негізінде дамыған елдер қатарына қосылуды көздейді. Ұлттық мүддені ескереді. Ең бастысы, ата-бабаларымыз салып кеткен сара жолдан таймайды. Осының баршасы Ата Заңға сәйкес негізделген. Бұл демократиялы, зайырлы һәм өз менталитетіне топтастырылған ел дегенді білдіреді. Осы орайда, мемлекеттік мереке қарсаңында Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясының ректоры, заң ғылымының докторы, профессор Өмірәлі ЖАЛАИРИМЕН сұхбаттасқан едік.



– Конституция туралы ой-пікірлеріңіз бен бөліссеніз...

– Конституциямыз 1995 жылы 30 тамызда қабылданған. Оған бүкіл халық дауыс берді. 2007, 2017 жылдары өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Сол уақыттарда өзім жұмысшы то-

бында болдым. Соңғы кездері жақсы жағына қарай өзгерді. Көптеген қордаланған проблемалар шешімін тауып жатыр. Әсіресе, партиялар туралы заң күшіне енді.

Біз жаңа Әділетті Қазақстан құрып келеміз. Сондай-ақ, саяси, экономикалық, әлеуметтік және т.б. салаларды ілгері жылжытуға үлкен мән беріліп жатыр. Бұрын «Конституциялық кеңес» болса, қазіргі таңда «Конституциялық сот» болды. Бұл құрылым да өз жұмысын бастады. Оған жүгінетін адамдардың қатары көбейді. Әрбір азамат өзінің құқығы бұзылатындай жағдай туындаса, онда соған тікелей жүгінуге құқығы бар. Ал баяғыда тек қана арнаулы ғана субъектілер жүгінетін. Бүгінгі жаңашылдықтар Ата Заңның салмағын айқындап тұр. Бұл біздің Негізгі Заңымыз. Мұны барша азамат білуі керек. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында Конституция кішкене қойын кітапша етіп шығарылған. Қалтаға салып жүруге дейін мүмкіншілік қарастырылған. Біз де сондай деңгейге жетсек екен.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛАМЫЗ

– Құқықтық мемлекет дегеніміз не?

– Бұл дегеніміз – барлығының заңға бағынуы. Ел тізгін-деген азамат, атқамінерлерден бастап, елдімекендегі қойшыға дейін Конституцияның аясында жұмыс істеу деген сөз. Біздің Конституциямызда «құқықтық мемлекет» деп жазылып тұр. Алайда, ол дәрежеге әлі жете қойғанымыз жоқ. Бізде бірқатар мәселелер шешімін тапқанмен, әлі де күрмеулі түйіндер жетерлік. Біртіндеп осындай тұстарын реттеуіміз қажет.

Заңның үстемдігі бәрінен биік тұруы керек. Осы қағида орындалып, әркім бекітілген ережені сақтаса дейміз. Егер осы ойымыз қалтқысыз халыққа қызмет етіп тұрса, ештеңеден ұтылмаймыз. Жемқорлық деген кеселді дереу тоқтатпасақ болмайды. Қатты өршіп кетсе, бұдан айығу қиын.

Сонымен бірге, әлеуметтік мемлекет құруға да талпынайық. Әлеуметтік деген ой – оқуға мүмкіндік, денсаулығын сақтауға жағдай жасау, тұрақты жұмыс тауып, бейнетінің зейнетін көру. Қазір «Әлеуметтік кодекс» әзір. Соның барлығы тікелей басты заңға байланысты. Ата Заң барша заңдардың қайнар көзі. Бәрі осыдан бастау алады. Сол себепті де, құқықтық сауаттылықты арттырайық. Бұрын кеңестік кезеңде 1936 жылғы Конституцияны оқытатын. Оны «Сталиннің Конституциясы» деп атап кеткен-тұғын. 1977 жылғыны «Брежневтің Конституциясы» дейтін. Сол сияқты, мектептен бастап оқытқан жөн. Бізде ЖОО «құқық негіздері» деген пән бар. Сөйтсе-сөйте құқықтық санамызды көтерейік. Сонымен қоса, «Құқықтық нигилизм» дейді. Ол былайша айтқанда, құқықтық білмеу дегенді білдіреді. Содан барып түрлі жағдайлармен бетпе-бет келіп қалады. Сондықтан да осы аталған парасатты пайымдауларды іс жүзінде іске асырған абзал.



«БИЛЕР СОТЫН» ЕНГІЗЕЙІК

– Ата-бабамыздан келе жатқан «Дала заңдарын» қашан қолға аламыз?

– Біз негізі Еуропа менталитетіне бейімделіп кеттік. Ол мүлде дұрыс емес. Ұлттық мемлекетке қарай бағытты бұрған дұрыс. Өлгі айтылған қазақтың «Дала заңдарын» қолға алатын уақыт жетті. Қазақта түрме деген болмаған. Қайта «Билер соты» деген болған. Академик, көрнекті заңгер патриарх Салық Зиманов ағамыз осыны айтып кетті. Бізде ол кісінің пікіріне қосыламыз, қоштап айтудан танбаймыз. Осыны қазір бастайық. Қазақи өңірлерден бастап «Билер сотын» құрайық. Содан кейін «Ақсақалдар кеңесін» іске тартып, ақылдасайық. Осы күні ауылда біреу бір қой ұрлап кетсе, оны апарады да соттап жібереді. Түрмеге барған адам оңалып келеді деген – өтірік. Ол жерден адам қанша дегенмен бұзылып келеді. Оның орнына байырғыдай тәсілмен бір қой ұрласа, бес, он қой қылып қайтаруды міндеттейік. Яки күн төлген сияқты етсек дейміз. Осы дұрыс емес пе? Абақтыға қамалғаннан гөрі осы жөн. Мәселен, айыппұл салуға болады. Осыны істесеңіз, өзі де ұрламауға тырысады. Бұл – қазақтың салт-дәстүріне сай, ата-бабаларымыздың жүрген жолы саналады.

Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қаншама ғасыр бойы ел-жұртқа қалтқысыз қызмет қылып тұрды. Ал бүгін түрмеде қанша адам отырғанын бағамдай беріңіз!

– Рақымшылық турасында не айтар едіңіз?

– Жеңіл қылмыс жасалғандарға рақымшылық жасалып жатыр ғой. Оған ешқандай кедергі жоқ. Бұл туралы заңда да, қылмыстық кодексте де қарастырылған. Бұған көзқарасым өте түзу. Абайсызда, білместіктен жасаған қылмыстар бар. Ал білместік жауапкершіліктен құтқармайды. Егер қылмыс жасап қойған болса, білсе де, білмесе де жазаға тартылады. Соның үшін де құқықтық сауаттылықты арттырған абзалырақ.

БАРША ПРОЦЕСТІ ҚАЗАҚША ЖҮРГІЗУ ҚАЖЕТ

– Судьялар қашан үкімді қазақша оқиды?

– Біздің ең бір кемшілігіміз сол болып тұр. Парламент қабырғасындағы заңдардың өзі ресми тілде қабылданған. Біз мемлекеттік тіл мәселесін ұдайы көтеріп келеміз. Қайтсек те заңдарды түгел қазақ тілінде қабылдау қажет. Егер орысша қабылдаса, оны қазақшаға аударғанда олпы-солпы болып шығады. Содан кейін түсініспеушілік туады. Сосын оны кейбір заң саласының мамандарының өзі ұқпай қалады. Бізде «қай тілде берсе, сол тілде оқылады» деп жазылып қойған. Мысалы, сотқа орыс тілінде арыз-шағым берсеңіз, одан соң міндетті түрде орысша процесс жүреді. Кінәрат өз қазағымыздан кетіп жатыр. Көбіміз орысшаға бейіміз, қа-

зақшаны елемейміз, «білмейміз деп» сылтауратып жүреді. Дәлірек айтқанда, «сыныққа сылтау» дегеніміз осы.

Қайтсек те қазақ тілін дамытуымыз қажет. Өз тілімізге келгенде өзіміз іштегі рухты оятайық. Мемлекеттік тіл үшін патриот болуымыз керек. Кейбір жағдайда ресми тілде жаздесе, өз құқығыңызды пайдаланып қазақша іс-қағазды толтыра беру қажет. Ондай жағдайда «Мен қазақ тілінде жазамын» деу керек. Кейбір қандастарымыз маған келіп «орысша жаз деп айтты» дейді. Бұлай талап қою – заңға қайшы. Орысша қаулы, соттардың шешім шығаруы өзімізге байланысты. Өзіміз жүрген-тұрған ортамызда қазақша сұрасақ, ешкім қой деуге құқығы жоқ.

Мен Алматы қаласы соты қоғамдық кеңесінің мүшесімін. Біреулер сотқа жаңадан келіп жатса немесе бір соттан екіншісіне ауысса, міндетті түрде біздің алдымыздан өтеді. Сол кезде «қазақ тілің қалай?» деп сұрақ қоямыз. Ол кім болса да талап бәріне бірдей. Мемлекеттік тілді білмесе, кейбірін «сіз сот бола алмайсыз!» деп кері қайтарамыз, әрі жібермейміз. Бұл талап орынды деп есептейміз.

– Қорғаушылардың біліктілігі шетелдің деңгейіне жетпеді деген сын-пікірлер кездеседі, көзқарасыңыз қалай?

– Бүгінде адвокаттық қызмет көрсетудің аясы кеңейді. Олардың көптеген процесуалдық қызметі бар. Құзыретін әжептәуір күшейтті. Бірақ та қызметтері қалтаны қағып тұр. Қарапайым жұртқа қолайсыз. Оның бәрін байқап отырмыз. Қорғаушылардың адамды қорғай алмады деп айтып жатады. Дейтұрғанмен, қорғаушылар заңның шеңберінен шыға алмайды. Жұмысының бәрі сонымен байланысты. Уақыт өте келе біліктіліктері артады деп сенеміз.

– Маман дайындау ісі қалай жүзеге асуда?

– Заңгерлерді дайындайтын жоғары оқу орындары көбейіп кетті. Кейбір педагогикалық және ауылшаруашылық университеттерінде де заңгерлерді оқытып жатыр. Ол туралы талай жерге хат та жазылды. Бірақ еш өзгеріссіз, сол қалпында қалуда. Мысалы, заңгер мен дәрігерлерді дайындауға айрықша көңіл бөлейік. Өйткені, екі мамандық иесі де адам тағдырын шешеді. Біздің оқу ордамыз құқық саласының маманын дайындауға толық бейімделген. Қытай, Өзбекстан, Ресеймен білім алмасу жүріп жатыр. Таяуда Польшаға 4 студентіміз ұтқырлық бағдарламасы арқылы аттанады.

КАНДИДАТТЫҚ, ДОҚТОРЛЫҚ ҚОРҒАУДЫ ҚАЙТА ҚАЛЫПТАСТЫРАЙЫҚ

– Болон процесімен бірге бұрынғы кандидаттық, докторлық қорғауды қатар қолданса бола ма?

– Әлбетте! Бір кездері бірден кандидаттық, докторлық жүйені тыйып тастады. Бұл дұрыс болмады. Уақытында оған да өз ойымды айтқанмын. PhD деген онша емес. Өзіңіз айтқандай, Болон процесімен бірге бұрынғы кандидаттық, докторлық қорғауды қатар қайтадан қалпына келтірейік. Қазақстанда нағыз ғылымның докторлары қалмай барады. Scopus деген бәле шықты. Оған көбісінің шамасы жетпейді. Бұл қыруар шығын. Осындай ғылымға кедергі келтіретін мәселенің бәрі көтеріліп жатыр. Осының барлығы орнына келеді деп ойлаймын.

– Көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЛЕБІЗ



Алтынай КӨБЕЕВА,
Алматы қаласы қоғамдық
кеңесінің төрайымы:

Қазақстан халқы үшін маңызды мемлекеттік мерекелердің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні. Біз үшін бұл мерекенің маңызы зор. Себебі Негізгі

ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІҢ НЫШАНЫ

Заң, яғни Конституция біздің экономикалық, саяси, әлеуметтік дамуымызды, жағдайымызды, мәртебемізді айқындайды. Әрбір қазақстандықтың жеке құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін, өмірлік құндылықтарын білдіреді. Демек, 1995 жылғы Конституция баптарының үштен бір бөлігі (Конституцияның 29 бабында қазақстандықтардың құқықтары мен міндеттері көзделген) негізгі құқықтарға арналғаны кездейсоқ емес.

Менің ойымша, әрбір қазақстандық өз Конституциясын құрметтеп, бағалап қана қоймай, оны білуі, сақтауы тиіс. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, адамдар Конституцияны зерттеуге, сондай-ақ Конституцияның бүгінгі күннің шындығын қаншалықты

бейнелейтінін түсінуге көбірек уақыт бөлгенін қалаймын. Конституция біздің әрқайсымызға еліміздің дамуы тұрғысынан өзімізді сенімді сезінуге мүмкіндік береді. Ата Заң – алтын тұғырымыз! Ендеше, еркіндік пен бейбіт өмір сыйлаған Отанымыздың Ата заңын берік ұстанып, ұлттық құндылықтарына зор құрметпен қарау біздің басты міндетіміз.

Барша қазақстандықтарды алда келе жатқан тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекелердің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел болашағы мен халық игілігі жолындағы мақсатты істеріңізге сәттілік тілеймін.

ДАЛА ЗАҢЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

беріректегі халқымыздың дәстүріне негізделген «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» тәрізді Дала заңдарының заңды жалғасы. Еліміз Тәуелсіздік алысымен іле-шала, 1993 жылы еліміздің алғашқы Конституциясы жарық көрді. Бұл Негізгі заң өтпелі кезеңге тән міндет-жүкті көтерді деп ойлаймыз.

Бүгіндері ел халқының тірегі – 1995 жылы жарық көрген Конституция. Шыны керек, заңның маңызы зор. Негізгі заңды қайта-қайта өзгерткенімен, ештеңе өнбейді. Американың, Жапонияның негізгі заңдары – Конституциясы ғасырлар бойы негізінен (тармақшаларына аздаған түзету қосылғаны болмаса) өзгеріссіз келеді. Конституция – мемлекеттің

басты заңы, заңдардың заңы. Еліміздің бүкіл заңы Конституция негізінде жасалады. Конституциялық заңдарымыздың бастауы да сол Негізгі заң. Еліміздің ешбір заңы Ата Заңнан айналып өте алмайды.

Әлемнің дамыған елдеріне сапар шексеңіз, сол елдің конституциясымен өмір сүресіз. Демек, сол елдің заңымен жатып-тұрасыз. Солай болуы қажеттілік, міндет. Мұлт кетсеңіз, елден қуыласыз. Бізде де солай болуы тиіс. Конституцияға құрмет – елге құрмет. Конституциямыздың тұрақтылығы, мықтылығы қашанда мемлекетіміздің айбынын асырып, мәртебесін аңғартып тұрады. Заң – барша қазақстандыққа ортақ, Ата Заңымыздан қуат ала берейік.

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫ
АЙҚЫНДАЙТЫН БАСТЫ ҚҰЖАТ

мереке болып табылады. Айбынды Ата Заңымыз қабылданғаннан бері Конституцияға 6 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қай елдің болмасын зайырлы, тәуелсіз екенін білдіретін, басым бағыттарын айқындайтын еліміздің негізгі заңы, оның Конституциясы. Ата Заңымыздың алғашқы бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Бұдан түйетін ой – мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандық-

тарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығын көреміз. Сондықтан қазақстандық әрбір азамат оның мазмұнын жете біліп, талаптары мен қағидаларын мүлтіксіз сақтауға, мемлекеттік рәміздерді және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге міндетті.

Еліміздің берекесі мен бірлігін сақтап, келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты даму негізіне айналған хәм тірегі болған Ата Заң күні құтты болсын!

Мереке қарсаңында баршаңызды мерейлі күнмен құттықтаймын! Көк туымыз көктен түспей, ел іргесі нығая түссін, дами берсін деп тілек айтамын.

МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘН-МАЗМҰНЫН
КӨРСЕТЕДІ

желтоқсандағы №112 қосымшасы болып табылатын ықпалды Парламенті мен есеп беретін Үкіметі бар Президенттік Республиканы нығайту. Осы түзетулердің нәтижесінде Конституциялық Кеңес Конституциялық сот болып қайта құрылды. Енді ҚР Парламентінің Мәжілісі аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады, Президент ұсынған Парламент Сенаты депутаттарының квотасы қысқартылды.

ҚР Тұңғыш Президенті туралы баптар алынып тасталды. Сондай-ақ, 2022 жылдың 17 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазақстан астанасының атауын (Нұр-Сұлтаннан Астанаға) кері өзгерту туралы Жарлыққа қол қойды. ҚР Конституциясына «құқықтық мемлекет», «азаматтық қоғам» сияқты ұғымдарды айқындайтын нормаларды енгізу мақсатқа сай болды. Бұл орайда қоғамдық сананы дұрыс түсініп, бағыттауға мүмкіндік берілді. Жалпы, кез келген мемлекеттің Конституциясы – бұл мемлекеттің мәні мен мазмұнын, мемлекеттің, қоғамдық құрылыстың басым мәселелерін көрсететін, адамның негізгі құқықтарын, міндеттері мен бостандықтарын бекітетін негізгі құжат.

БЕЙБІТ ЕЛДІҢ БАҚЫТТЫ ҰЛАНЫМЫЗ!

30 тамыз күні Қазақстан Республикасының ең маңызды мемлекеттік мерекелерінің бірі Конституция күні аталып өтеді. 1995 жылдың дәл осы күні тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды, ол еліміздегі мемлекеттік негіздері мен құқықтық тәртіпті орнатуға негіз болды.

Конституция күні елдің негізін қалаған құндылықтар мен принциптерді, сондай-ақ тұрақтылықты,

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі конституцияның рөлін еске салады.

Бұл күнді шын мәнінде ерекше назар аударуға лайық және ұлтты ортақ мұраттар мен құндылықтар төңірегінде біріктіретін күн ретінде әрбір қазақстандық мақтанышпен атап өтеді деп ойлаймын. Біз бейбіт елдің бақытты ұланымыз. Мереке құтты болсын!

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

АТА ЗАҢ –
АЙБЫНЫМЫЗ!Алматыда ҚР Конституциясы
күні қалай аталып өтеді?

(Басы 1-бетте)

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қоңақтар мен қала тұрғындары үшін сахна экрандарында тақырыптық бейнелері бар 13 музыкалық нөмір ұсынылады. Бұдан бөлек, 30 тамызда Конституция күніне орай бірқатар спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, мерекелік іс-шаралар қаланың барлық аудандарында аталып өтеді.

● Әуезов ауданында салтанатты іс-шара 29 тамызда сағат 11.00-де, Family Park демалыс саябағында өтеді.

● Наурызбай ауданында эстрада жұлдыздарының қатысуымен Конституция күніне арналған концерт 29 тамызда сағат 11.00-де, Инновациялық шығармашылық орталығында («Шұғыла» шағынауданы, 347/4) ұйымдастырылады.

● Алатау ауданында Конституция күніне арналған концерт 29 тамызда сағат 16.00-де Атлетикалық ауыл аумағында өтеді.

● Бостандық ауданында Конституция күніне арналған мерекелік концерт 29 тамызда сағат 17.00-де MEGA Alma-Ata COO амфитеатрында болады.

● Түркісіб ауданында қазақстандық жұлдыздар мен көркем ансамбльдердің қатысуымен мерекелік бағдарлама 29 тамызда сағат 18.00-де Сейфуллин даңғылы, 13/1 бойынша №6 оқушылар үйінің аумағында өтеді. Аудандық мерекелік іс-шара Туды салтанатты түрде шығаруды, Әнұранды орындауды, 16 жастағы азаматтарға жеке куәліктерді табыстауды, ұтыс ойындары мен конкурстарды, сондай-ақ ашық аспан астында кино көрсетуді қамтиды.

● Жетісу ауданында Конституция күніне орай салтанатты концерт 29 тамызда сағат 19.00-де «Гүлдер» саябағында, Серіков көшесі, 2 А мекенжайында ұйымдастырылады.

● Медеу ауданында мерекелік іс-шара, яғни концерт 30 тамызда сағат 12.00-де Орталық мәдениет және демалыс саябағында, Гоголь көшесі, 1 мекенжайында өтеді.

● Алмалы ауданында концерт 30 тамызда сағат 17.00-де Сейфуллин даңғылы, 483 мекенжайы бойынша Mega Park COO аумағында ұйымдастырылады.



Бимұрат БҰРХАНОВ,
Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының
ғылыми қызметкері:

Еліміздің Конституциясы – қазақ тарихындағы сонау бір Қыпшақ дәуіріндегі «Кодекс Куманикус», одан



Мәдина АҚСАҚАЛОВА,
Қазақ ұлттық ҚызПУ
«Қоғамдық-гуманитарлық
пәндер» кафедрасының аға
оқытушысы, саясаттану
ғылымының кандидаты:

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні жыл сайын, дәстүрлі түрде 30 тамызда атап өтіледі. 28 жылдан бері бұл күн мемлекеттік



Шолпан ЗАБИХ,
заң ғылымының докторы:

2022 жылы 5 маусымда өткен референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясына 32 толықтыру мен өзгерту енгізілді. Бұл өзгерістердің мақсаты – жаңа мемлекеттік үлгіге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшу, сондай-ақ ҚР Конституциясының 2012 жылғы 12



Малика БАЙБАТЫР,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
магистранты:



ҚҰҚЫҚ

Шолпан БОСТАНҚЫЗЫ,
«Ел бірлігі» одағының президенті, заңгер:



Тәуелсіздігіне қолы жеткен, әділеттілікті ұстанған зайырлы мемлекет үшін Конституцияның орны бөлек. Заң саласында 40 жылға жуық еңбек өтілі бар заңгер, «Ел бірлігі» одағының президенті Шолпан Ризабековамен құқықтық қоғам қалыптастырудағы аяқ-алыс жайында сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Шолпан Бостанқызы, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум өтіп, Конституция қабылданғалы 28 жыл өтті. Осы аралықта Ата заң халық пен мемлекет арасындағы коммуникативтік күшке айнала алды ма?

– Заңы үстем елдің заманы қашан да тыныш болатыны белгілі. Азаматтық қоғам қалыптасуда әр азамат өзінің бойындағы білімін, белсенділігін танытуға міндетті деп есептеймін. Ата заңның маңызы қоғам деңгейінен-ақ байқалады. Кейде қарапайым заңды білмейтін азаматтарды да кездестіріп жатамыз. Әртүрлі мәселе бойынша заңгерлік көмек алып, заң шеңберінде тиісті жауабын алады. Халық пен заң арасында байланыс әлі дұрыс орнатылмай келеді. Конституция халық пен мемлекет арасындағы күш емес, заң қызметкерлеріне ереже ретінде беріп отырған үлкен акт, заңнама ретінде қалыптасып кеткен. Бірақ сайып келгенде, оның заңдылығының күштілігі соншалық, қоғамның, мемлекеттің, барлық мемлекеттік мекеменің дұрыс жұмыс істеуіне үлкен септігін тигізеді.

– Қаралатын істерден бөлек, азаматтардың заңгер кеңесіне жиі жүгінетінін айттыңыз. Қандай сұрақтар мазалайды?

– Көпшілігі әлеуметтік мәселелер бойынша заңгер кеңесіне жүгінеді. Отбасылық зорлық-зомбылыққа байланысты кеңес сұрайтындар өте көп. Заңсыз әрекеттер жиі кездеседі. Сондай-ақ, қазір қоғамда жала жабу көп болып кетті. Бізге аналарға арналған, аналардың құқықтық жағдайын реттейтін арнайы заң керек. Бұл туралы 2000 жылдардан бері айтып келемін. 24 баптан тұратын заң дайындадым. Аналардың құқықтық жағдайын ретке келтірмей, отбасылық зорлық-зомбылық азаймайды. Қоғам бір орында тұрмайды, үнемі өзгеріс үстінде болады. Ананың жағдайы жақсы болса, қоғам дұрысталады.

Қазіргі күні менде Конституциялық сот қарастыратын екі іс бар. Жер мәселесіне қатысты істер өте көп. Жер кодексі дұрыс реттелмегендіктен, жер мәселесі ушығып тұр. Жер кодексінің 20-бабында «жерге жекеменшік құқық берілсін» деп көрсетілген. Ал Ата Заңда «Жер – халықтыкі» деп жазылған. Қарама қайшылық байқала ма?! Жер және оның қойнауындағы байлық халыққа тиесілі. Жер мәселесін Ата Заң, «Жер кодексі» ғана шешеді. Жерге жекеменшік құқық берілсе, ол сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа алып келеді. Азаматтық құқықтық қатынастарды реттеуге келтірмейтіндей амалдар туындатады, туған-туыстардың араларында алшақтық пайда болады.

Қылмыстық жағынан алаяқтық істер жиі кездеседі. Әсіресе, банктік істер, онлайн несие алуда заңсыздықтар көп. Екінші деңгейлі банктардың ішінара көзге көрінбей жасалатын заңсыз іс-әрекеттері алаяқтыққа әкеледі. Айта кететін жәйт, соңғы кездері мұрагерлік құқыққа қатысты істер көбейіп келеді. Себебі, 1995 жылы қабылданғалы мұрагерлік туралы заңға мүлдем өзгеріс енгізілмеген. Ағайын арасында да ұрыс-

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫ КҮШТІ ЕЛ ДАМИДЫ



керіс көп. Ажырасудың да саны артқан. Салдарынан алимент төлемейтін әкелер көбейді.

– Сот жүйесі мен прокуратураның Конституция талаптарын орындауда маңызы ерекше. Ата Заңның іске асырылуында құқық қорғау органдарының жұмысын қалай бағалайсыз?

– Құқық қорғау органдарының негізгі мақсаты – халықты заңмен тәрбиелеу. Тергеу жатқан жұмыстың негізі мен маңыздылығы жоғалмауы үшін тек заң аясында әрекет жасауы керек. Заңды белден баса-тын қызметкерлер жоқ емес. Тергеуші тергеу амалын заңды жүргізіп, істің мән-жайын толық аша алса, іс әрі қарай заңды түрде өрбиді. Іске қатысып отырған қорғаушыға оңай болады. Сот та әділ үкім шығарады.

Заң дұрыс жұмыс істемей тұр

– Құқықтық сауатты болу – уақыт талабы дегенді көп естиміз. Бірақ қарапайым халықтың жиі өзгертулер енгізлетін заңдарды үнемі оқып, біліп жүруі мүмкін емес шығар...

– Әрине, мүмкіндігі жоқ. Елдегі құқықтық сауаттылық өте төмен деңгейде. Оған халықты кінәлауға болмайды. Біріншіден, бізде заң жерге жекеменшік құқық бергендіктен, азаматтар пенделілікпен өз басын ғана ойлап кетті. Көпшілігі заң халық үшін ғана екеніне көңіл бөлмейді. Тек басына іс түскенде, шешімін табатын басқа жол жоқ кезде ғана заңды білуге амал жасайды. Ол – үлкен қателік.

Бізде азаматтық, қылмыстық жағынан, т.б. заңдар тым көп. Оның кейбірі мүлдем қажет емес. Біраз заңды қысқартып, азаматтар оқи алатындай етіп топтастыру керек. Ата заңның ішіне кіргізіп, ықшамдап қоюға болады. Екіншіден, жауапкершілік туралы ештеңе айтылмаған. Құқықтары мен міндеттері бар. Бірақ сол құқық пен міндетті орындауға деген жауапкершілік жоқ. Конституциядағы заңдарды азаматтардың ешқайсысы оқымайды. Қажетсіз заңдар көп. Оның бәрін бір жүйеге келтіріп, бір Ата Заңның ішіне енгізіп, әр сала бо-

йынша ереже енгізіп қою керек. Ереженің ішінде жауапкершілік ашық жазылуы керек деп есептеймін.

Негізгі заң түсінікті болуы қажет

– Конституцияның тілі өте күрделі жазылған. Халыққа түсінікті, қарапайым тілмен жазуға болмай ма? Әлде, заң солай жазылуы керек пе?

– Бұл бағыдан бері айтылып келе жатқан мәселе. Қарапайым тілмен жазуға, әрине, болады. Жазылуы да керек. Заңның түсініксіз жазылғаны рас. Орыс тіліндегі нұсқасындағы терминологиясын мамандардың өзі түсінбей қалып жатады. Егер заң аясында қандай да бір мәселе туындаса, заңгерлерден сұрап алған жөн. Қазақ тіліндегі нұсқасы өте күрделі жазылған.

Кей кезде мемлекеттік тілде жүргізілген істерде судьялар, прокурорлар мен қорғаушылар қазақша нұсқасын түсіне алмайды. Күрделілігі соншалық, кейбір баптар дұрыс шешім шығаруда өте қауіпті. Шешім өзгеріп те жатыр. Судьялар үкімді өздері жазбайды. Басқа біреуге жаздыртады. Істің мән-жайы дұрыс ашылып кетеді. Баптарды ғана келтіріп, үкімді жаза салады. Дәлелдер, куәгердің сөзі айтылып, үкімде де, шешімде де тараптардың жағдайы толық ашылу керек. Шешім де, үкім де толық түсіндірілмейді.

Тіпті, заңгерлердің өзіне қиынға соғып жатады. Бізде заң бірінші орысша жазылды да, содан кейін барып қазақшаға аударғанда негізгі баптардың мән-мағынасы, құрылымы өзгеріп кетеді. Халықтың құқықтық сауатын ашу үшін осы бағытта тез арада әрекет жасауымыз керек. Осындай құқықтық тақырыптағы сұхбаттар көп болу керек деп ойлаймын. Телеарналар мен газеттерде ашық сұхбат ретінде арнайы бағдарламалар көп болу керек. Оның бәрі халықтың құқықтық санасының қалыптасуына керек нәрсе. Заңсыздық болмай тұрып, халық заң құзыретін білген жөн. Өкініштісі сол, бұл бағытта ешқандай құқық қорғау органдары айналысып жатқан жоқ. Бәрі болары болып, бояуы сіңгеннен кейін барып әрекет жасайды. Жазалау-

ға ұмтылады. Құрту, жою, соттау жағына ғана бас қатырамыз.

Занды жазған ғалым болсын, тәжірибелі заңгер болсын оның үтір-нүктесіне дейін түсінікті етіп жазуға тиіс. Занды мемлекеттік тілдегі сот істеріне жиі қатысып жүрген заңгерлер жазуы керек деп санаймын. Ал орыс тілді ғалымдар жазса, заңның құрылымын өзгертіп жібереді. Көбісі орысша ойлап, қазақшаға аударады. Тағы бір мәселе, заң қызметкерлері жақсы біледі, қазір бізде азаматтық процессуалдық деген тіркес бар. Дұрысы азаматтық іс-жүргізу заңы деу керек. Мұндай тіркестер өте көп. Заң тілін қазақшалау – болашақтың мәселесі.

Сот жүйесінде айқындық болса...

– 2022 жылы маусымда жалпыұлттық референдум өтті. Ата Заңның үштен бір бөлігі жаңарды. Конституциялық сот құрылар тұста бізге берген сұхбатыңызда «Сот жүйесін үлкен өзгеріс күтіп тұр» дедіңіз. Конституциялық сот құрылғалы 8 ай өтті. Өзгерістер байқала ма?

– Сот жүйесі әлі де өзгереді. Өзгеріске деген талпыныс байқалады. Ата Заңда да ол өзгерістер енгізілетініне күмәнім жоқ. Бірақ 8 айдың ішінде ауыз толтырып айтатындай ештеңе болған жоқ. Сот жүйесі бәз-баяғы калпы. Әлі күнге дейін заң бар болса да, заңсыздықты өз қолымен жасап жатқан судьяларды көзіміз көріп жүр.

Конституциялық соттағы судьялар істерді қарап жатыр. Өз тарапымынан екі істі жіберемін деп дайындап отырмын. Конституциялық кеңестің де қалай жұмыс істеп жатқаны туралы ақпарат жоқ.

Жалпы, соттағы өзгерістерді өз басым, ең алдымен, судьялардан күтемін. Өйткені, бізде халыққа жаны ашып тұратын, әділетті жолды ұстанатын жас судьялар бар. Заңның тұтқасын ұстайтын судья объективті болса, сот жүйесінде өте көп өзгеріс болатынына сенемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

КӨП ТІЛ БІЛГЕН – ОЗАДЫ

Бүгінгі заман мықтының қолында. Кім алғыр әрі қағылез сол биік шыңға өрлейді. Неғұрлым көп тіл біліп, өз саласының маманы болғандардың тасы өрге домалап тұр.

Қазір ешкімге ешқандай шектеу жоқ. Америка Құрама Штаттары, Испания, Францияға, Жапонияға және т.б. елдерге барып полиглот болып келуге де болады. Ең негізгісі, әрбір жанның көкейінде алға ұмтылыс болса болғаны. Кейде өмірде әртүрлі жағдай болады. Сондықтан сыртқа шыққанда, жұртпен араласқанда өзге тілді білу өте маңызды.

Ерте замандардағы ата-бабаларымыздың өзі бірнеше тілде сөйлеген. Қазақтың әйгілі Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты үш биі араб-парсы, өзбек, қалмақша сөйлей алған. Біліктіліктерін сот төрелігін жүргізгенде де пайдаланған.


Жиһанкез ғалым Шоқан Уәлиханов араб, неміс, парсы, орыс және т.б. тілдерді білген. Сонымен қатар, түркі халықтарының тілін жетік түсінген. Әмбебап ғалымның «Қашқар сапары», «Жоңғария очерктері», «Манас» сияқты еңбектері қытай, қырғыз, жоңғар

халықтарының тұрмыс-салтын жете зерттегендігін білдіреді. Сондай-ақ, аталмыш халықтардың мәдениеті мен руханиятын ұғыну үшін әуелі тілін меңгергені аңғарылады.

Алаш қайраткерлері бір-бір төбе. Олардың ұлт үшін жасаған ерліктерін сөзбен суреттеп тауыса алмаспыз. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов, ағартушы ұстаз Ахмет Байтұрсынов, алаш арысы Міржақып Дулатов, түркі халықтарының басын біріктіретін Түркістан автономиясының негізін салушы Мұстафа Шоқай – бәрі де жеті жұрттың тілін білген. Мемлекеттік саясат жүргізгенде, әліпби жасағанда, қазақтың ұлттық мүддесін алға қойғанда шетелдің тәжірибесін, жүріп өткен жолын бағамдаған. Осының баршасы сол елдің тілін жете білгендігінің арқасында іске асты.

Белгілі кәсіпкер Марғұлан Сейсембаев Ұлытау өңірінің қарапайым отбасында дүниеге келіпті. Ол өзінің бір сұхбатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып жүрген тұста ағылшынша сөздікті жаттай бергенін айтады. Тіпті, білегіне байлап күндіз-түні жанында ұстапты. Үлкен қалада орыс тілін де жетілдіріпті. Бүгінде аталған тілдерді емин-еркін қолданады.

XXI ғасырда адам баласына берілген мүмкіндік көп. Егер тиімді қолдансаңыз, ұтасыз. Қаласаңыз, көптеген тілді меңгеріп, дүниені кезіп, ойлағаныңызды әп-сәтте іске



асыра аласыз. Бүгінгі жастар мүлдем бөлек. Әр қадамы тиімділікке бастауды ойластырады. Онысы жөн.

Тіл үйрену – заман талабы

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз заманында 70 тілді емин-еркін меңгерген деседі. Хакымызда «бір тіл білсең бір адамсың, екі тіл білсең екі адамсың» деген сөз бар. Тегі, дөп айтылған. Расында, қазіргі таңда көп тіл меңгерген адамдар сұранысқа ие болуда. Олар әлемді кезді. Бір жағынан, теориялық тұрғыда алған білімдерін тәжірибелік мақсатта жетілдіреді. Осылайша бір окпен екі қоян атады. Бұл да болса заманның адам баласына берген мүмкіндігі іспетті.

Бүгінгі таңда көп тілді игеріп, нәпакасын тауып жүргендер қатары артқан. Ғалымдар полиглот болуға қызығуды жөн көреді. Неге десеңіз, тіл біліп, оны жақсы меңгергеніңіз өзіңізге жақсы. Дейтұрғанмен, оны кәдеге жарату нұр үстіне нұр болар еді. Бір жағынан, уақыттың талабы осы. Екінші бір қырынан алғанда, адамның ойлау қабілетін арттыратын көрінеді. Себебі, сіз ойланған кезде ми құрылысының қатпары қозғалатын көрінеді. Соның нәтижесінде сергектік пен жылдам ойлану сынды дағдылар қалыптаспақ. Егер де осының бәрін өз ретімен, жөн-жоралғысымен

пайдалана алсаңыз, бұл үлкен жетістіктерге жетудің баспалдағы болмақ.

Кәсіп көзіне айналып барады

Дүние жүзінде тіл үйреніп, оны кәсіпке айналдырғандар көп. Кирилл Стасевич «Шет тілін білу кез келген жаста зерек ойлауға пайдасын тигізеді» дейді. Сөзінің жаны бар. Мәселен, сырт жаққа барсаңыз, міндетті түрде сол мемлекеттің тілін игеруіңіз шарт. Өйтпесеңіз, аш қаласыз. Тіпті, нан сұрап жей алмауыңыз мүмкін. Себебі, қажеттілік солай. Мысалы, АҚШ-қа бардыңыз. Сонда жұмыс жасағыңыз келді. Ағылшын тілін білу – шарт. Онсыз қимылдай алмайсыз. Қимылдамақ түгілі, су сатып алу мүң болмақ. Егер де аздап болсын білсеңіз, әрмен қарата дамыту жеңілдей түспек. Сол себепті де, біртіндеп үйренген абзал.

Кәсіптің көзіне айналдыру дегеніміздің бір сыры осында жатыр. Ол өз еліңізде жүрсеңіз де пайда әкеледі. Біртіндеп, өзіңіз білетін ағылшын, француз, түрік тілдерінен дәріс өткізуіңізге болады. Қазір осылай репетитор болатындар саны артуда. Себебі, олар осының кілтін тапты. Тіл игерді, одан қаражат табудың жолын білді. Сөйтіп, өз-өзін асырауға кірісті. Бұл да болса заманның талабы.

МАМАН ПІКІРІ

Олжас ҚУАНБАЙ,
PhD докторанты:

Шет тілдерін білудің орасан зор пайдасы бар

Жалпы, адам баласы дүниеге келгенде анасы қай тілде сөйлесе – сол тіл баланың ана тілі. Ардақты ата-анам батырлар жырын жаттатып өсіріп, қарапайым дастархан басында болсын «вилка» сөзін шанышқы, «варенье» сөзін тосап деп қазақ тілінің байлығы мен мәртебесін асырып отырады.

Сондықтан да ең алдымен «Ана тілім арым бұл, ұятым боп тұр бетте» демекші, ана тілімді жетік білетінімді мақтан етемін. Ал енді «Қанша тіл білесіз?» дегенге келсек. «Мен» деп сөйлеуден тартынатным, қорқатыным рас. Ескіде өткен ұлылар айтпақшы «Білетінім тоғыз, білмегеніміз тоқсан тоғыз» болғанда, «Мен білемін!» деу өбестік болар деп ойлаймын. Ал енді сұрағыңызға жауап берер болсам, білетін тілдерім: қазақ тілі, орыс тілі, старославян жазба тілі, түрік тілі, ескі Османлы жазба тілі, жапон тілі, ағылшын, корей, итальян, неміс тілдерін білемін. Соңғы үш тілді әлі де жетілдіру үстіндемін. Мамандығым шығыстанушы-жапон-танушы болғандықтан, жапон тілін академиялық деңгейде университет қабырғасында оқыдым. Жапонияда бірнеше жыл жұмыс істедім. Түркияның астанасы Анкара қаласында Жапонияның «Kyushu University» [九州大学] ЖОО-ның Анкара қаласындағы ресми өкілі болып қызмет атқардым.

Шет тілдерін білудің орасан зор пайдасы бар. Адамның ой өрісі дамып, білім көкжиегі кеңейеді. Сондай-ақ, адам әр ортамен оңай тіл табысып, конфликтілік жағдайға бармай, қоғаммен жұмыс істей алу қабілеті 3-4 есе артады. Кез келген істе икемді келеді. Шет тілдерін үйрену

барысында адам миында жаңа нейрондық байланыстар пайда болып, зейіні жақсарады. Адам неғұрлым көп тіл үйренсе, соғұрлым ол интеллектуалдық мәселелерді тезірек шешетін болады. Денсаулыққа қандай пайдасы бар десек, көп тіл білу адамның қартаюын тежейді екен. Бірнеше жаңа тіл үйрену Альцгеймер, деменция сияқты ми ауруларының алдын алады. Тіпті, дәрі-дәрмектер де нейрология саласында мұндай таңғажайып әсер бере алмайды. Бірнеше тілде сөйлеу мидағы нейрондық жолдардың санын көбейтіп, акпараттың өңделу жылдамдығын арттырады.

Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби бабамыз 70-тен астам тіл білген десек, Еуропада XIX ғ. италян кардиналы Giuseppe Mezzofanti 72 тілде емин-еркін оқып, сөйлей білген. Ал АҚШ-тың қоғам қайраткері Elihu Burritt болса 30 тілде сөйлеп, жаза білген. Тағы бір қызықты жағдайды айта кетер болсақ, 2002 ж. неміс неврологтары Карл Зиллес пен Катрин Амурн XIX ғ. неміс дипломаты Эмиль Кребстін ми қыртысындағы жасушалық тығыздықты өлшеген. Олар Кребстін миы қарапайым адам миынан шынымен ерекшеленетінін хабарлаған. Көп тілде сөйлеп, жаза білетін адамдарда ми қыртысының жұмысы белсенді болған. Ол белсенділік адамның биологиялық жас көрінуіне әсер еткен. Әлемге әйгілі АҚШ неврологы Оливер Волф Сакстың «Musico-philia» кітабында жазбаша немесе ауызша тілге қарағанда, музыка мидың көбірек бөліктерін белсенді қалыпта ұстауға көмектеседі деп жазады. Оған мысал, 11 тілде еркін сөйлейтін Сусанна Зарайскаяның «Language is music» және «Travel happy, budget low» атты кітаптары куә. Жалпы, тілді ән арқылы үйрену, ән тыңдау барысында ми жаттығуына әсер етеді. Мысалы, өзімнің екінші мамандығым десе

де болады – XVI–XVIII ғ.ғ. Барокко жанрындағы опера орындаушысымын. Еуропа мәдениетінің биік шыңы опера арияларының сөздері ескі итальян тілінде болған соң итальян тілін сүйіспеншілікпен меңгердім. Яғни тек әуен тыңдау ғана емес, тыңдау барысында ілесе аударма да жасап отыруға тырысамын.

Ең алғаш синхронды аудармаға 2-курс студенті болып жүрген кезімде шықтым. Кейін Жапон телеарнасының [日本テレビ] «Warattekorae» [笑ってコラえて] атты ірі бағдарламасы Орта Азияға келгенде Алматы, Астана қалаларында синхронды аударма жасадым. 2011 ж. Азияда ойындарында Жапония, Корея, Германиядан келген техникалық төрешілерге синхронды аударма жасадым. Одан кейін ірі әлемдік спорт және мәдениет іс-шараларында КР-ға келген Токио телеарнасы [東京テレビ] журналистерінің жеке аудармашысы болдым. Осы және тағы басқа көптеген ірілі-ұсақты республикалық іс-шараларда синхронды аудармашы болдым.

Бір тілден екінші одан басқа да тілдерге ауысып сөйлегенде расымен де адам бойында басқа адамға айтып түсіндіре алмайтын серотонин, эндорфин, дофамин және окситоцин секілді гормондар бөлінеді.

Адам интеллектісін зерттеген К.Тейлор, Э. П.Торренс, Д.Гилфорд, И.Хайн, А.Б.Шнедер, Д.Роджерс, Г.Груббер секілді әлемге әйгілі нейропсихолог ғалымдар конвергентті және дивергентті ойлау жүйелерінің көп тіл білген адамдарда өте жақсы жетілгендігін дәлелдеген. Яғни бір мәселенің бірнеше шешімі мен оңтайлы жауаптарын таба білу; бірнеше идеялар мен шешімдерді жылдам тұжырымдай білу; бір уақытта бірнеше мәселені шеше алу; басқалардың ойына келмейтін идеяларды тұжырымдау; әр пікірді егжей-тегжейлі сараптап, оның іске асуына дейін көз алдына елестете алу секілді бірнеше таңғажайып қабілеттер көп тіл білетін адамдарда ерекше жұмыс жасайды. Мысалы, Филип В.Гетцельс, В.Джейкоб-тың 1963 ж. жарық көрген «Creativity and Intelligence, Explorations with Gifted Students» атты еңбегінде адам миының көп тіл білгендегі қабілеті мен бір тіл ғана білетін адамның қабілетін салыстырып зерттегенде көптеген айырмашылықтар мен артықшылықтар тапқан. Әлемнің әр тілінде сөйлеген сайын миынан бөлінетін эндорфин, серотонин, окситоцин және дофамин секілді гормондар әсерінен адам денсаулығына медицина бере алмайтын керемет пайдалы заттар бар екен.

Мақат АЗАТ,
Халықаралық қатынастар магистрі:

Тіл білуді ел мүддесіне жұмсап, пайда тигізуді көздеймін

Алматы – мүмкіндіктер қаласы. Мұнда түрлі жетістікке жетуге болады. Өз басым бакалаврда «Екі шет тілі» мамандығын тәмамдадым. Қазір осы мамандықтың магистратурасында оқып жүрмін. Осы қаланың тумасымын. Жастайымнан тілді меңгеруге ынтық едім. Кішкентай бала күнімізде теледидардан субтитрді оқып, түрікше, корейше үйрене бастадым. Дәлірек айтқанда, сөз жаттадым. Неге екенін білмеймін, жекелеген сөздер есімде жиі қала бастады. Мектепте жүргенімде шет тілдеріне бейімдігім байқалды. Өсіресе, ағылшынша үйрену маған аса қиынға соқпады. Өйткені, сөздік қорымыз болды. Бір жағынан, ұстаздарымыздың еңбегі зор деп білемін. Бізге сөзді түсініп, жаттауды үйретті. Нәтижесінде біртіндеп тіл сындыра бастадым. Ал орышаның жөні белгілі. Қалада өскеннен кейін сөйлесу арқылы дамытып алдық. Айналамыздағы балалардың көпшілігі орыс тіліне басымдық беретін, сондықтан тез жаттығып өстік. Ол жағын қала баласы түсінеді. Өз ана тілімізді жетілдіріп, құнары мен нәрін сезінуге ауылдағы ата-әжем себепші болды. Оларға жазғы демалыста баратын едім.

Міне, осылайша 5-6 тілді игердім. Сөйтіп жүріп, ата-анам салмақ салмас үшін студент кезімде қонақүйлерде даяшы, ресепшн, швейцар болып жұмыс істедім. Сол уақыт маған үлкен тәжірибе болды. Сырттан келген қонақтар ағылшынша сөйлейді, мен де білгенімді іске қостым. Бәлкім, арасында қате де сөйлеген шығармын. Бірақ шетелдіктер күлмейтін. Қайта демеп, қолдап-қуаттап қоятын. Алда PhD докторанураға түсіп, әлемді аралау ойда тұр. Түбінде бар-жұған тергенімізді еліміздің мүддесіне жұмсап, пайда тигізуді көздеймін.

P.S. Бұрынғы заман келмеске кетіп, жаңа әлемнің есігін ашып жатқандаймыз. Жастарымыз қиыннан қиыстырып, түркі халқының тіл тобына жатпайтын қытай, жапон, неміс тілін үйренуде. Зер салсаңыз, үшеуі үш түрлі. Бір-біріне ұқсамайды. Соған қарап, адамзаттың бүгінгі қоғамға деген ойы өзгергендігін байқаймыз. Бәлкім, мұны адам баласы заманның ығын білгендігі деп түсінсек, артық болмас. Тіл үйреніп, оны кәдеге жаратқандар бәрінен өзгандар десек, қателеспейміз.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





СҮХБАТ

Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА, Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы:



Барлық мектептің дайындығын тексеріп шықтық

– Ләззат Әуезханқызы, Алматының бас ұстазы ретінде сөзіңізді білім жүйесінің алдағы оқу жылына дайындығы жөнінде бастасаңыз...

– Білім жүйесі қашаннан жаңалыққа толы ғой. Биыл да солай басталғалы отыр. Ең бастысы – Алматы мектептерінің қатары тағы бір білім мекемесімен толығып, Түркісіб ауданындағы «Қайрат» ықшамауданында жаңадан 1500 оқушыға арналған №211 мемлекеттік мектеп ашылмақшы. Қазірдің өзінде сол маңдағы көпқабатты үйлердің есебінен мектептегі балалардың саны артып жатыр. Жалпы, қала мектептерінің оқу жылына дайындығы жақсы. Оқу жылы аяқтала салысымен жөндеу жұмыстарын бірден бастап кеткен мектептердің дайындығы сақадай сай. Ал кешеуілдеп басталған жөндеу жұмыстарының сәл ақсап жатқаны анық. Жақында барлық білім мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп шықтық.

Әлі де 12 мемлекеттік мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ағымдағы жөндеу жұмысы 178 мектепте сәтімен аяқталды. Орта білім беру ұйымдарындағы пәндік кабинеттердің 75,6%-ы жаңарды. Мәселен, 847 пәндік кабинет (химия, физика, биология) болса, 640 кабинет заманауи жабдықтармен (жаңа модификация) жарақтандырылып, 75 STEM және робототехника кабинеттері сатып алынды. Бұған қоса, жан басына шаққандағы қаржыландыру есебінен тағы 147 кабинет толық жасақталды, оның ішінде: 34 химия, 31 физика, 39 биология, 23 STEAM және 20 робототехника. Бұл кабинеттер жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша оқытуды тәжірибеге бағдарлауға кеңінен мүмкіндік береді.

– Айтыңызшы, қазір Алматыдағы білім мекемелерінің нақты саны қаншаға жетті?

– Қалалық Білім басқармасы жүйесіне қарасты 1386 білім беру ұйымдары бар. Олардың 461-і мемлекеттік, 925-і жекеменшік болып табылады. Сонымен қатар, 919 мектепке дейінгі мекеменің 194-і мемлекеттік, 725-і жекеменшік. Сондай-ақ, 12 мемлекеттік интернаттық мекеме, 8 арнаулы мектеп және 4 арнаулы ұйым бар. Бұған қоса, 85 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 23-і мемлекеттік, 62-сі жекеменшік, тағы да 56 қосымша білім беру ұйымдары бар, олардың 17-сі мемлекеттік болса, 39-ы жекеменшік.

– Мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығы туралы көп айтылып жатады. Бұл мәселе әлі де бар ма?

– Әрине, өмір болған соң демографиялық өсімнің де дамып отыруы заңды. Осы есептен қаламыздағы тұрғындардың саны да әркез артып отырады. Балабақшадағы орын тапшылығының ең өзекті мәселеге айналуы да сондықтан. Соған қарамастан, қала басшылығы жүйелі жұмыстарды жүргізіп жатыр. Мәселен, қазіргі таңда Алматы қаласындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының саны 919-ға жетті. Осы мекемелердің 194-і мемлекеттік, 725-і жекеменшік балабақша. Қазір бұл балабақшаларда 79 600 бала тәрбиеленіп жатқанымен, әлі де 3 жас пен 6 жас аралығындағы 18 118 бала кезекте тұр.

Осы мәселені шешу үшін қала басшылығы биылғы жылы жергілікті бюджет есебінен 6255 орынды 80 балабақша ашуды жоспарлап отыр. Олардың 75-і 5395 орынға арналған жекеменшік, ал, 4-еуі 860 орынды мемлекеттік балабақша болады. Бүгінгі күнге дейін 2630 баланы орынмен қамтыған 1 мемлекеттік, 46 жекеменшік балабақша ашылды. Сонымен қатар, биыл жергілікті бюджеттен жекеменшік балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс үшін 5000 орынға қаржы бөлініп отыр. Бұған қоса, жекеменшік балабақшаларда 3801 орынға мемлекеттік тапсырыс жасалды. Жалпы, мемлекеттік білім беру тапсырысы 40 995 орын алу үшін 635 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда жасалып отыр. Осындай жұмыстардың арқасында 3 жастан 6 жасқа дейін балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту – 93,5%-ды құраса, жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті 95%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Сондай-ақ, осы жылдың қыркүйегінен бастап мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда халықтың әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 5 мыңнан астам бала тегін тамақпен қамтамасыз етілетін болады. Бұл да мемлекет тарапынан жасалып жатқан үлкен көмек. Қазіргі таңда қала басшылығы мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығын ғана емес, тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетуге де баса назар аударып отыр. Осы мақсатта «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» орындау аясында Білім басқармасының «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» жанынан қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталық құрылды.

– Ләззат Әуезханқызы, 1-сыныпқа қабылдау мәселесіне қатысты бір сауал туындап отыр. Егер бір себептермен кешігіп қалған ата-аналар болса, балаларын мектепке қалай өткізеді?

– Қабылданған заңға байланысты елімізде 1 тамыз күні 1-сыныпқа құжат қабылдау аяқталды. Дегенмен, 1 тамызда өтініш беріп үлгермегендер, басқа жактан көшіп келгендер болса құжаттарын eGov.kz электронды үкімет веб-порталы және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы тапсыруына болады. Биыл мемлекеттік мектептердің

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ ОРЫНДА

Енді аз күнде жаңа оқу жылы басталады. Дәл қазір білім мекемелері оқушылардың сапалы білім алуына барлық жағдайды жасап, қызу дайындыққа кірісіп жатыр. Біз Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваға жолығып, қала мектептерінің 2023-2024 оқу жылына дайындығы жайлы әңгімелескен едік.



1-сыныбына 30 146 мың бала алынды, олардың 3789-ы жекеменшік мектептерге қабылданды.

100 мектеп автобусы сатып алынды

– Оқушылардың қауіпсіздігі барысында жүргізіліп жатқан жұмыстар жайында да айта отырсаңыз...

– Иә, дұрыс айтасыз. Ең бастысы, баланың қауіпсіздігі ғой. Сол үшін биылғы 1 қыркүйектен «Мектеп автобусы» жобасы іске кіріседі. Бұған дейін мектепке баратын жолдың қиындығы үлкен мәселеге айналған еді. Әсіресе, 1–11-сыныпта оқитын 12500 оқушыны тасымалдау туралы көп айтылды. Жақында осы мәселенің түйіні шешіліп, 100 мектеп автобусы сатып алынды. Бұл автобустардың 50-і 21 орынды, тағы 50 автобус 40 орынға арналған. Енді осы автобустармен қаланың 7 ауданынан 30 мектептің 7722 оқушысын таситын боламыз. Қала бюджетінен бөлінген 1,4 млрд теңгені «АлматыЭлектротранс» игеретін болды. 1 қыркүйектен бастап осы автобустар тиісті қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, бекітілген маршруттар бойынша өз жұмысын бастайды. «Мектеп автобусы» жобасы ата-аналарға үлкен көмек.

Сондай-ақ, мектеп жасындағы балалардың қауіпсіздігін арттыруға және жол қозғалысындағы жүктемені азайтуға да мүмкіндік береді. Оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектеп автобустарына 279 бейнебақылау камерасы орнатылды. Оқушылардың қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан тағы бір ірі жоба – «Кешенді қауіпсіздік жүйесін енгізуді» қолға алып отырмыз. Биылғы жылдың соңына дейін барлық 214 мемлекеттік мектепте полицияның жедел басқару орталықтарымен интеграцияланатын «дабыл түймелерімен», өткізу жүйесімен (турникеттер), өрт қауіпсіздігі жүйесімен, бейнебақылау камераларымен жабдықталған «Кешенді қауіпсіздік жүйесі» енгізілетін болады. Бұл жоба жалпы құны 4,9 млрд теңге болатын үш жылдық сервистік модель шеңберінде қаржыландырылады.

– Оқушыларды ыстық тамақпен қамту биыл да жалғаса ма?

– Әрине. Қала әкімдігі осымен екінші жыл қатарынан 1–4-сыныпта оқитын 133 мыңнан астам оқушыны тегін тамақтандыру жобасын іске асырып отыр. Бұл, ең алдымен, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балалары. Жалпы, 2023 жылы оқушыларды тамақтандыру үшін 20,4 млрд теңге қарастырылған еді. Оқушының бір күндік тамақтануы үшін – 800 теңге жұмсалады. Қазір қала бойынша «Мектепке жол» республикалық акциясы «Жақсылық жаса» ұранымен жүріп жатыр. Ата-аналар үшін бұл да үлкен көмек. Әлеуметтік аз қамтылған 15 653 мың баланың ата-аналарының шотына «Жалпыға міндетті оқу» қорынан мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын сатып алу үшін әр балаға 43 мың теңгеден аударылды. Сондай-ақ, акция аясында демеушілердің есебінен де көмек көрсетіліп жатыр.

– Ләззат Әуезханқызы, оқулықтар мәселесі қалай болып жатыр? Жеткілікті ме?

– Биыл оқулықтар мен көркем әдебиеттерді сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 3 млрд 263 мың теңге көлемінде қаржы қарастырылды. Қазір 11 баспамен 2 млрд теңгеге шарт жасалды. Оқулықтарды жеткізу бойынша конкурстық рәсімдер де аяқталды. Сонымен қатар, барлық 214 мемлекеттік мектеп үшін электронды оқулықтарға жазылу жалғасып жатыр. 2023-2024 оқу жылында 303 мыңнан астам оқушы 100% тегін оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіледі.

Заманауи даму және шығармашылық орталықтарын саламыз

– Инклюзивті білім беретін мектептердегі жұмыстар қалай жүріп жатыр?

– Алматыда инклюзивті білім беруді іске асыратын мектептер саны жыл сайын артып келеді. Қазірдің өзінде қаламыздағы 182 мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалды. Сондай-ақ, 2023-2024 оқу жылының басында қосымша 16 мектепте инклюзивті білім беруді іске асыруды жоспарлап отырмыз. Мәселен, 2020-2021 оқу жылында 3672 бала инклюзивті білім берумен қамтылса, 2022-2023 жылы 4632 бала қамтылды. Қазір қаладағы 185 мектепте ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды қолдау кабинеттері жұмыс істейді. Олардың 8-і ауданның тірек мектебі.

Еліміз бойынша алғаш рет «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы-

ның» базасында инклюзивті ресурстық орталық (ИРО) ашылды. Сондай-ақ, инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептердің 600 педагогының біліктілігін арттыру үшін курстар өткізу ойымызда бар. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін жеке ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурс жарияланып жатыр.

– Қазіргі таңда қосымша білім беру басты назарда тұр. Алматыда бұл бағыт қалай жүзеге асып жатыр?

– Наурызбай ауданында «Инновациялық шығармашылық орталығы» ашылды. Бұл орталықтың жобалық қуаттылығы аптасына 5000 балаға қызмет көрсетеді. Алағата ауданында да дәл осындай бірегей инновациялық шығармашылық орталығы ашылды. Бұл қала әкімдігінің балаларға жасап отырған үлкен қолдауы. Алдағы уақытта осы орталықтың мүмкіндіктерін пайдаланып, қосымша білім саласындағы ең үздік мамандардың басын қосып, креативті идеялар алаңына айналдыруымыз керек. Қаламыздың Түркісіб және Бостандық ауданында әлі күнге дейін қабырғасы сонау 30-жылдары салынған Оқушылар үйі жұмыс жасап жатыр. Енді осы екі ғимаратты бұзып, орнына 800 балаға арналған заманауи даму және шығармашылық орталықтарын салуды жоспарлап отырмыз.

Қазір жобалар дайын болды. Енді құрылыс-монтаж жұмыстары 2024 жылы басталмақшы. Халықаралық стандарттарға сай келетін қосымша білім берудің тағы 3 заманауи орталығын 2025 жылға дейін салуды жоспарлап отырмыз. Осылайша 2025 жылдың соңына тегін қосымша біліммен қамту 25%-ға дейін ұлғайып, тегін үйірмелерге қатысатын балалардың санын 60000-ға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Бұл ретте қалалық әкімдіктің қолдауымен техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға үлкен басымдық беретін боламыз.

– Кәсіби білім беру қалай дамып жатыр? Жатақхана мәселесі қалай?

– Алматыда 85 колледж бар. Олардың 23-і мемлекеттік, 62-сі жекеменшік. Қаладағы колледждердің 32 жатақханасында 3556 студент тұрады. Мұнда 12 мемлекеттік колледждің 13 жатақханасы, ЖОО жанындағы жеке колледждердің 19 жатақханасы бар. Қазіргі уақытта қаладан тыс жерлерден қатынап оқитын студенттерге арналған жатақханаларда орын тапшылығы 2500-ден асты. Бұл мәселені шешу үшін шаралар қабылданды. Ағымдағы жылы «Алматы құрылыс-техникалық колледжінің» іргелес аумағында 60 орынды жатақханасы ашылса, қалалық әкімдіктің қаулысымен «Алматы сан және дизайн колледжіне» 300 орынды жатақхана ғимараты берілді. Байырғы оқу орны «Сервистік қызмет көрсету колледжіне» 150 орынды жатақханаға арналған 4 қабатты ғимарат сатып алынды. Қазір жатақханада ағымдағы жөндеу жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 70 млн теңге бөлінді. Бұған қоса, 1 қыркүйекте 510 төсек-орынға арналған 3 жатақхананы ашқалы отырмыз. Біздің басты міндетіміз – маман даярлаудың сапасын арттыру. Сондықтан қазір біз тәлімгерлік институтын енгізу, құзыреттілік орталықтарын құру, өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларының сапасын шетелде тағылым-дамадан өткізу арқылы арттыру бойынша кең ауқымды жұмысты бастап отырмыз.

– Көп рахмет!



Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР



● ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2023 жылы 4 қыркүйекте, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Жароков көшесі, 18 мекенжайдағы М.Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп КММ-де **Алмалы ауданының әкімі А.Е.Жәкібаевтың** халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер **WhatsApp** – 8 708 683 02 94, **Instagram** – **akimat_almaly**, **Facebook** – **akimatalmaly**, **Twitter** – **akimat_almaly**, Алмалы ауданы әкімі аппаратының **WEB сайты** арқылы және **313-31-08, 313-31-12 телефондары** арқылы жүргізіледі.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен **«Заң кеңесі» жобасы** аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен **8 707 157 36 64 «жедел желі»** жұмысы іске қосылды.

Орталықтың мекенжайы: Алматы қаласы, Жүргенов көшесі, 9/11, 4-кабат, 13-кеңсе.

● ҚОЛДАУ

Қайырымдылық жасасаң,
қайырын көресің

Үш айғы демалыс аяқталып, алғашқы қоңырау соғылар сәт те жақындады. Жыл сайын бағасы шарықтай түсетін оқу құралдары мен мектеп формасын сатып алуды баршаның қалтасы бірдей көтере бермейтіндігі рас. Ал жаңа оқу жылына даярланып жатқан ата-аналар мен балалардың осынау қарбалас сәтінде жыл сайын дәстүрге айналған **«Мектепке жол» республикалық акциясы** мектеп оқушыларының осы сәттегі қиыншылықтарын жеңуге бағытталған игі іс-шара.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша **«Қазақстан – 2050»** Стратегиясында белгіленген балалардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жаңа әлеуметтік саясатты іске асыру мақсатында ағымдағы жылғы 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығындағы **«Мектепке жол»** дәстүрлі жалпы республикалық акциясы биыл да жалғасын тапты.

Алатау ауданына қарасты №210 мектеп-лицей оқушыларына **«Мектепке жол»** акциясы негізінде мемлекет тарапынан қажетті көмек көрсетіліп жатыр. Бүгінгі таңда әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасында тәрбиеленіп жатқан білім алушылар арасынан 136 оқушыға көмек көрсетілді.

Акция аясында халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеу, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсету, жас ұрпақ бойына рухани адамгершілік дәнін себуге бағытталған іс-шаралар жүргізіледі. Халқымызға тән ұлттық ерекшеліктерді, мейірімділік, қайырымдылық, әділдік сынды ең асыл қасиеттерді насихаттау кеңінен өріс алады. Жаңа оқу жылының қарсаңындағы игі бастама елімізде дарынды, білімді, алғыр, дені сау ұрпақ өсуіне ұйытқы болмақ.

Панар САТАНБАЕВА,
«№210 мектеп-лицей» КММ
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

● ҮЙІРМЕ

Қосымша білімнің берері көп

Түркісіб ауданындағы №6 Оқушылар үйінің 50 жылдан астам тарихы бар. Осынау қабырғасына сыр тұнған, көнеңің көзіндей болған үйден талай таланттың түлеп ұшқанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Аты талай өзгергенімен, Оқушылар үйінің негізгі мақсаты баланың бейімділігіне, қызығушылығы мен мүмкіндігіне сәйкес жан-жақты тұлғаның дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз етуге, яғни оқушының шығармашылық қабілеті мен дарынын дамытуға бағытталады.

Осы салада ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан №6 Оқушылар үйінің басшысы Зейнеп Әнуарқызының айтуынша, ұжымдағы 61 адам жан-жақты, өз саласының нағыз шеберлері. Олар спорттық, техникалық, көркемдік және эстетикалық, аспаптық, әлеуметтік-педагогикалық, көрнекі-қолданбалы бағытта жұмыс жасайды. Осынау жылдар ішінде, яғни 50 жылдың ішінде №6 Оқушылар үйінен 75 мың шәкірт білім алып шыққан екен. Олардың дені халықаралық, республикалық, қалалық байқаулардың жеңімпаздары атанып, бүгінде үлкен өнер жолын таңдаған. Қала көлеміндегі барлық іс-шараның бел ортасынан табылатын №6 Оқушылар үйінде бес бірдей «Үлгілі ұжым» атанған ұжым жұмыс жасайды.

Олардың қатарында Тұрсынай Күдерина жетекшілік ететін «Сенім» вокалды хор студиясы, «Saltanat» қолданбалы колөнер үйірмесі (жетекшісі Абдильдина Салтанат), С.Шрейн жетекшілігіндегі «Экзерсиз» би студиясы, Елена Реймер жетекшілік ететін «Квинта» вокалды тобы, Рябко Натальяның «Renaissance» сән театры бар. Аталмыш Оқушылар үйі Халықаралық ЮНЕСКО клубының мүшесі.

Оқушылар үйінде өтетін әрбір мерекелік іс-шара сәндік-қолданбалы өнер көрмесі, шеберлік сабақтар, арт-студия жұмысымен басталады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!

Енді **«Almaty aqshamy»** газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

БІЗ КӨРГЕН ТАЗЫ

Біз бала күнімізде Сыр бойында отырдық. Сол баяғы екі қоржын там. Орман-тоғай, мұнар-мұнар құм, жағасында ағып жатқан дария. Бәрі-бәрі керемет үйлесімді. Сөзбен суреттеп біте алмаспыз.

Көршіміз жездем мен апам-тұғын. Сондай қарапайым қазақы кісілер еді. Ол жақта бірыңғай мал шаруашылығымен айналысатын. Мал-мүлік тұрған жерді білесіз, ит-құссыз болмайды. Ес білгелі жездемдер тазы асырауды әдетке айналдырды. Бар балашаға соны қызықтаймыз. Өздері екеу болатын. Арық, ұзын, сұрғылт түсті еді. Тез жүгіретін. Аса бір беймазданып үрмейтін. Мінездері бірқалыпты болатын. Жездем ержетіп қалған ұлдарымен аңға шығатын. Қоян, қырғауыл атағын. Аттың үстінде кетіп бара жатып ұшқан құс, жүгірген аңды атып түсіретін. Нағыз құралайды көзге атқан мерген-тұғын. Астындағы аты да үрікпейді. Бәлкім, әбден үйренісіп қалған болар.

Сонда атқан олжаны қалың ну орманның арасынан әлгі тазылар әкеліп, егесінің алдына тастайды. Қалың мия, тораңғыл, шенгел, жиледен тақырға шыққанша бір азап. Аттылы кісі тұрмақ, жаяу адам жарып өту бір азап. Соған қарамастан иттер қанжығаны қампайтуға көмектесетін. Әлі күнге дейін таңданамын, неге аң-құсты тазылар жеп қоймайды? Оған жауапты екіұшты етіп айтайын. Біріншісі қанша дегенмен қолға үйретілген, әбден бапталған деп білеміз. Одан соң жеті қазынаға тектен-тек кірмеген шығар деп түйсінеміз.

Үнемі қос тазы үйдің іргесінде жататын. Егер шатаспасам, қыстың күні пештің қасына жатқызды ғой деймін. Итаяққа қалған-құтқан жуындыны беретін. Кейде атала қайнататын. Ең бір тоятын кездері мал сойған кез болатын. Үй маңындағы жүрген иттерге қарау апамның тікелей шаруасы еді. Шірікін, сол кездер де зымырап өтіп кетті.

Біз Сыр бойындағы малшы ауылдан көшіп кеттік. Сонда есімде қалғаны, жалпы жездемнің қос тазысы, біздің үйдің иттері бәрі-бәрі мал-жанға тимейтін. Қозы-лақ, құлынды қорғайтын. Егін-тегінге бәлекетті жолатпайтын. Нағыз адамның досы бола білді. Әркім өз-өзімен кетті. Осының бәрі естелік болып мәңгі есте қалды. Біз жадымызда қалған детальдың бір бөлшегін шерттік. Әлі талайы көкіректе сайрап жатыр.

ҚАСТЕРЛІ ЖАНУАР

Ерте замандардан үй жануарларын қастерлей білген. Өзіміз өмір сүріп отырған қоғамда итке қатысты түрлі көзқарас бар. Халқымыз «ит – адамның досы» деп текке тәмсілдемеген.

Бүгіндері үй-жайында ит асырайтындар көбейген. Сол себепті де, ертедегі адамдар білгендей, адамға серік жануар деп атапты. Ғалымдардың айтуынша, ит адамның сөзін ұғып, қимыл іс-әрекетке баратын бірден-бір мақұлық иесі екен. Сол себепті де, үй жануары туралы бірқатар ойларды тарқатуды жөн санадық.



ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ

ӘЛЕМДІ ТАҢҚАЛДЫРДЫ

Тазы ит Женевада өткен World Dog Show 2023 байқауының жеңімпазы атанды. Сөйтіп, дүйім жұртқа мықтылығын танытты

Қазақстаннан барған екі итке жоғары атақ берілді. Тұмар мен Вангелия иттері алғаш рет Халықаралық кинологиялық федерацияның қамқорлығымен өтетін жарыстарға қатысты. Олар жақында ғана Қазақстан кинологтар одағының толыққанды мүшесі болды.

Бұл өз кезегінде Тазы мен Төбеттің кез келген халықаралық жарысқа қатысуына мүмкіндік береді. Айта кету керек, жылдың басты кинологиялық оқиғасына әлемнің әртүрлі елдерінен 20 мың ит келген. Оларды 150 халықаралық төреші бағалады.

ИТКЕ ҚАТЫСТЫ ҰҒЫМДАР

Үй жануарлары жайындағы қазақ фольклорында алдыңғы қатардағы басты тұлға – ит. Оның ақкөңіл және елгезектік мінездері жалпыға аян. Кейбір сәттерде «өзгелердің» алдағанына иланып, бір орында тұрмай тыпыршып, ойламаған сәтте опық та жеп жатады. Ең ғажайып сәті – алыстан егесінің еңсесін көрген кезі.

Сондай-ақ, қорқақ кейпінде ұясына барып, алдыңғы аяқтарын ақ жастық ретінде төсеп үндемей жатса да, үнемі, қашан

қарасаңыз да, ол әрдайым батыр болып келеді. Расында, халқымызда «Адамның жақсысын ит пен бала біледі» деп астарланып, тәмсілденеді.

Аңызда сакральды түсініктер біршама бірізділенеді. Жұрт арасында «әр аңыздың түбінде бір шындық бар» деген сөз кезігеді. Сонымен, Қожамқұл-Бек Балхидің «Тарихи Қыпшақи» еңбегінен мысал келтіреміз. Онда Нұх пайғамбар заманындағы ит пен мысыққа қатысты аңыз бар. Топан су басқанда, ит пен мысық текетіресі тағы байқалады. Ол аңыздың баяны мынадай: «...Кемеде ит әмірге

қарсы шықты. Ол өзінің жұбымен ұйықты. Мысық бұл оқиғаны Нұхқа жеткізді. Ит сөгіс алды, бірақ мойындамай, мысықтың сөзін жоққа шығарды. Марғау өкініп, Құдайға жалбарынып: «Сен данасың, мен шын айтып отырмын. Ит мені өтірікші деп айтып отыр. Маған көмектесе көр!» дейді. Ит екінші мәрте өзінің жұбымен жақындасты. Құдай Тағала екеуін ажырамастай қылып жабыстырып қойды. Мысық Нұхқа ол туралы хабарлады. Ол итті мінезат қылып: «Мысық мені халықтың алдында абыройсыз етті. Оның да абыройын ал!» деп өтінді. Оның бұл өтініші орындалды. Оған бір қасиет берді. Олар бір-бірімен кездескен кезде таласатын болды. Кез келген бұл таласты естіген кезде, олар мысық пен ит екенін бірден білді.

Тегінде, малға, хайуанатқа және табиғат құбылыстарына байланысты мақалдардың көпшілігі аллегориялық сипатқа ие болған. Олар көбінесе түпкі мағынасына емес, жаңа тұлғада, адам өміріне қабыса жалғастырылып айтылады. Сакральды түсініктердің қасиетін ашу мақсатында мақал-мәтелдерді қолдануды жөн санаймыз.

- Ит – үйдің құлағы.
- Ит жүйрігі тазы болмайды, ет майлы болып, қазы болмайды.
- Ит үреді, керуен көшеді.

Қазақ арасында иттің қадір-қасиеті тым бөлек екендігінің бір көрінісі осы мақал-мәтелдердің ғибраттылығында болса керекті. Бірінші мақал-мәтелде «үйдің құлағы», екіншіде, бәрі бірдей тазыға жетпейтіндігі, үшіншіде уақыт өлшемінде де итті қоса баяндауы оған халқымыздың ықыласы «игі» екенін көрсетеді. Сондықтан «түз тағысы, қастерлі жануар» деген ойды қуаттайтындай боп көрініс береді. Бізде көбіне үй жануарларының ішінде ерекше дараланып тұратыны да – ит.

ТҮЙІН:

Қазақ халқында, оның сыртында әлем халқының түсінігінде хайуанаттарды қастерлі санау – ғасырлар бойы қалыптасқан ұғым. Қазақ жұрты сыртқы жан-дүниенен тығыз байланыста. Біз сөздің магиясы бар, құдіретті, қастерлі деп сенеміз. Қазақ халқы кейігенде: «ит адам екенсін» немесе «мысық тілеулес» дейді. Біздің ата-бабаларымыз өте дана. Бұрынғылардың әрбір сөзінде астарлы ой сезіліп тұрады. Мақал-мәтелдерінде «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» дейді. Айналадағы жан-дүниенің бәрінің қадір-қасиетін бойларына сіңіргені соншалықты, жануарға зиян еткенді обал болады, олардың «киесі» ұрады дейтін. Жалпы, осындай наным-сенімдерден «қасиетті», «киелі», «қастерлілік» ұғым-түсінігі қалыптасқанын аңғарамыз.

Әзірлеген
Олжас
ЖОЛДЫБАЙ.



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.